

ВАСИЛИЙ ТЕРКИН

(поэма)

Автордан

Соғыста, шаңды жорықта,
Жаз-ыстық, қысқы суықта,
Судан да артар сусының
Сірә да сірә болып па.
Құдықтан яки жылғадан,
Шүмектен яки трубадан,
Ат тұяғы бір басқан
Шұңқырдан яки жырадан,
Сіресіп әбден мұз қатқан,
Өзеннен яки бұлақтан
Кездессін де салқын су,—
Кезінде аңсап құмартқан.

Соғыста, қысаң тұрмыста,
Қыяд-кескі ұрыста,
Кезіп кеп долы даланы,
Орманнан тапсаң пананы,
Бұрқырап буы ыдыста,
Тұрса әскер тамағы,—
Бір жасарсын ондайда!
Тек асбасшы жігітің
Өз адамың болғай да.

Тізімде босқа жүрмесін
Ұйқтамасын кей түні,
Семіздеу болсын, тоқ болсын,
Ыстықтау болсын, көп болсын.
Солдаттың ішіп-жейтіні.
Ас — адамның арқауы,
Қайратты жігіт қорқа ма,
Төбелеске енсін де,
Күшін бір сынап көрсін де;
Бірақ, бүкіл мәселе
Тұрған жоқ-ау сорпада.

Соғыста, сөтке бойына
Аш жүруге болады-ау,
Одан да көпке әзірсіз;
Бірақ та қалжың-әзілсіз
Қыйынырақ соғады-ау,
Темекісіз күн бар ма,
Бомбыдан бомбы жауғанда,
Сол сықылды қалжыңсыз.
Өңгімесіз, әзілсіз
Жүре алмассыз, қажырсыз.
Не қыйындық қысқанда,
Вася Теркин батырым,
Сенсіз бігер іс бар ма.

Бір нәрсе бар өмірде
Онсыз өмір кім сүрер,
Ол не өзі?
Ол — шындық,
Ойлаған жан түсінер.
Қою болсын сол шындық,
Көңіл бірден тоярлық,

Ащы болса, уха жоқ,
Таңдайыңды оярлық...
Енді не бар айтатын?
Айттым білем бар мәнін,
Бас-аяқсыз бір кітап
Жауынгерге арнадым.

Неге бассыз? дейсіз-ау,
Баяндауға басынан
Уақыт бермес билікті;
Неге аяқсыз? дейсіз-ау,—
Қыймаймын ғой жігітті.
Ел басына күн туып
Жау келгенде жұлқынып,
Біз екеуміз, Вася дос,
Дос болдық па бостан-бос.
Ұмыта алман мен соны,
Ұмытсам да басқанды,
Көмектестің әр жолы,
Достығымыз басталды,
Қалжыңқұмар, сөзге ұста.
Теркин қымбат соғыста.

Досым едің жан құмар,
Сендей досты кім қияр?
Енді осы кітапты
Ортасынан бастайын,
Аржағы өзі-ақ жөн табар.

ТЫНЫС АЛҒАН ЖЕРДЕ

Іскер еді-ау сол бір шал,
Айтып -айтпай не керек,
Жол-жөнекей жүріп-ақ,
Ас істейтін керемет.
Сорпасы да ботқасы
Қандай тәтті піседі,
Тамақ бабын білетін
Шіркін сол шал кісі еді.
Қосып жібер бір қасық,
Естимісің ей шырақ,
Екі бірдей соғысты,
Келем кешіп, жол жырақ,
Еңбегімді бағала
Салып жібер азырақ.
„Мына жаңа жігіттің
Кең екен тым араны”
Деп ойлайды асбасшы,
Тағы бір қасық салады,
Тіл қатады секемсіз,
Бұзбай жылы шырайды;
Асқа тәуір екенсіз,
Сізге флот ыңғайлы.
Рахмет сізге, дейді ол,
Флотта болған жан емен,
Өзіңіздей асбасшы
Пехотада болсам — жөн.
Деп қарағай түбінде,
Жеп асатты ол ботқаны.
„Өзіміз бе, бұл өзі?”
Деп қарасты жігіттер,—
„Өзіміз” деп тоқтады,
Жылыған соң бойлары,
Шаршаған полк тынықты,
Бірінші взвод тек қана,
Устав бұзып, ұйқыны

Біржолата ұмытты.
Қарағайдың түбінде
Темекісін жайып сап,
Соғыста соғыс туралы
Теркин отыр сөз бастап.

Жігітсіңдер, байқадым,
Жаңа келген соғысқа;
Шынымды мен айтамын,
Ұлтанды көп тоздырдым,
Осынау мына соғыста,
Келіпсіндеп, жарайды,
Ұрысқа да кіресің.
„Сабан той” деген не нәрсе
Айтшы қайсың білесің?

Ол не өзі, мейрам ба,
Не нәрсе еді сабан той ?
Сабан той болад әр түрлі,
Білмейсің бе,— сөзді қой.

Тұңғыш рет бомбылар,
Тығыларсың жерге сен,
Бірақ сонда өлмесең,
Сабан тойдың кішісі
Сол болады білмесең.
Шылым тартып, ас ішіп.

Тағы ендің ұрысқа,
Бұрқыратып миномет
Той жасайды сол тұста.
Жер қойынына кірерсің,
Жерді анаңдай сүйерсің,
Бұл ортаншы сабан той,—
Екендігін білерсің.
Сабан той саған ғылым ғой,
Жау рахымсыз біліп қой,
Анау-мынау болмайды,
Нағыз үлкен сабан той,—

Мүштік аршып алмаққа,
Жігіт сөзін тоқтатты,
„Саспа, құрбым” дегендей
Бір жігітке ым қақты.

Шықтың сыртқа ертемен,
Көз жібердің сен тұрып,
Келе жатыр мың танкі
Тура саған жөнкіліп...
Мың дейсің бе? Қой құрбым.
Дәл мынауың өтірік.
Өтірікті мен қайтем,
Неңдей мақсат іздейін?

Неге бірден мың дейсің?
—Жақсы, бес-ақ жүз дейін.
—Болсын бес жүз. Қорқытпа,
Қатынбыз ба, немене?
Мейлі тіпті жүз демен,
Жалғыз дейін соған сен
Қарсы тұрғың келе ме?

Газет қата жазбайды.
Бас сауғалап тығылма,
Түсі суық, болғанмен
Танк соқыр мыйғұла—

Соқыр дейсің, оның жөн.
—Соқыр неме көре ме?
Өтер таптап үстіңнен.
Көрмеген соң дәнене.
Қайта айтуға бармын мен,
Білмейсің бе, сөзді қой.

Сабан той деген жалғыз сөз,
Сабан тойың — сабан той.
Бірақ, мына басына,
Соғып өтсе сабан той...
Болды бізде бір жігіт...
Темекінді беріп қой.—
Өтірікті шындай ғып,
Айта білсең — тым жақсы.

Қалжыңбастың әр сөзін.
Ынта сала тындасты.
Меңіреу, мылқау орманда,
Алас ұрған бұл маңда,
Дәл осындай бір жігіт
Жақсы-ау, болса аранда.

Өтінеді одан жұрт,
—Ұйқтағанша әлі де
Шертіп жібер, Иваныч,
Қызықтау бір әңгіме.
Қараңғы түн, сызды жер,
От әлсіреп жанады,
Ұйқтау керек, жігіттер,
Уақыт өтіп барады.
Балқып адам лебіне,
Сәл жылыған дөңесте,
Жағын сүйеп жеңіне,
Достарының ішінде
Теркин жатты сол кеште.

Жомарт жаңбыр төккенде
Шинель зілдей су болған,
Аспан түндік, жер төсек,
Туған үйдей қара орман,
Еш кейістік белгісі
Дидарынан білінбей,
Жатыр Теркин Василий,
Дәл өзінің үйіндей.

Тартып шинель етегің,
Қымтап қойды денесін,
Боқтап алды бір мезет.
Әлдекімнің төсегін.
Әлдекімнің енесін.
Сызды жерді құшақтап,
Демін алып ақырын,
Өз үйіндей тынығып,
Жатыр ұйқтап батырым.

Аштығын да, тоқтығын,
Жалғыздығын, көптігін,
Кейде ұйқы жоқтығын,
Елемеске дағды алған,
Жатыр ұйқтап қайсар жан.
Түсіне де енбейді,
Ауыр күндер зымыстан,—
Шекараны қалдырып
Күншығысқа ығысқан.

Қатарлы бір жауынгер
Шақырылған жапастан,

Шірітіп көйлек ашы тер,
Талай-талай жер басқан.
Бұл не деген үлкен жер!
Жетер емес көздері.
Болса сәрі бөтен жер,
Өз жері ғой, өз жері.
Жатыр ұйқтап тым-тырыс,
Қобалжымас көңілмен.
Өз жерім ғой,— ол дұрыс,
Соғыс болды, келдім мен.
Жатыр ұйқтап, есте жоқ,
Ауыр мезгіл, ұлы атой,
Мүмкін ертең ертемен,
Басталар бір сабан той.

Жауынгерлер ұйқыда,
Орман түбін қорғалап,
Күзетші тұр қақыйып,
Үстен жаңбыр сорғалап;
Көзге түртсе көргісіз
Қап-қараңғы түн еді,
Еске түсіп бір нәрсе
Күзетші жас күледі.
„Жақсы болды-ау Теркиннің
Ротамызға келгені!?”
Деп қояды ақырын
Адамның бұл сергегі.

* * *

Теркин деген кім өзі?
Шынымды айтқым келіп тұр.
Өзіне сай мінезі,
Кәдімгі жәй жігіт бір.
Сегіз қырлы, бір сырлы
Жігіттер көп бұл сынды,
Табасыңдар оп-оңай,
Рота сайын іздесең,
Жалғаны жоқ ешқандай,
Взвод сайын жүр десем,
—Күші неде? десеңдер,
Айтайын мен ендеше:
Көзді тартып тұрғандай,

Өнді де емес өзгеше,
Үлкен де емес, кіші емес,
Бірақ нағыз өзі ердің.
Соғысыпты Корелде
Бойында Сестра¹ өзеннің,
Неге медаль алмаған?
Мәлім емес ол маған,
Сұрауға анық себебін,
Таба алмадық еш жөнін,
Жалт бұрылып бұл жерде,
Сыпайлау айталық:
Наград берер тізімде
Болған ғой бір қаталық.
Төстегі де емес қой,
Алда жатыр нағыз той!
Июньде келіп ойынға,
Июльде шықты қырғынға,
Еш хатер жок, ойында,
Көңілді Теркин жүр мұнда.
Не бір бомба, не бір оқ,
Қойды маған бұйырмай,
Бір жарқыншақ тиген доп,—
Жатқызды рас бірер ай,
Үш рет қалдым қоршауда,
Үш рет шықтым одан да,
Мазасыз сол сапарда,
Болдым ылғи қатарда,
Көсіле жауған оқтан да,
Үш жақтан құйған нөсерден
Жоқпын сірә мен өлген.

Жүрген жолым бұрқырап,
Тобымменен сырылдым,
Кейде аздап бытырап,
Кейде аздап „қырылдым“,
Әйтеуір аман қалып жүр,
Асханаға, ұрысқа
Жүгіре басып барып жүр;
Позиция дегеннің
Оған сірә бәрі бір.
Тойып алып нығырақ,
Темекісін бір бұрап,

¹ Сестра — өзеннің аты.

Бұрқыратып әлі жүр.
Не болса да мойыма,
Тайма беттен бір елі,
Айта салған бұл бір сөз,
Өңгіmemіз ілгері

ҰРЫС АЛДЫНДА

Берейін айтып қысқаша
Соғыста нелер көрдік біз.
Сонау неміс жағынан
Қалайша өтіп келдік біз.
Немістер жатқан — аржақтан,
Құтылып қанды ұрыстан,
Өзінің Совет үкіметін
Іздеп біздің туысқан,—
Кез ед майдан соңынан
Шығысқа қарай ығысқан.

Аш, жалаңаш бауырлар,
Бөлімінен қол үзген,
Рота болып, взвод боп,
Кейде жалғыз, кейде топ,
Ұрлана тартты жолсызбен
Даламен тартты, тоғаймен,
Ұрланып бөтен көздерден,
Противогазін қапшық қып,
Не болса соны талшық қып,
Қараңғы түссе ұрланып,
Қыстаққа соғып кез келген,
Сақалы өскен, түсі сұр,
Әлденеден ұялып,
Есіктен еркін кіре алмай,
Кінәлі жандай болатын,
Жазығы не,— біле алмай,
Тартса да жолдың азабын,
Тағдырға көніп шыдайтын,
Әуелі тек жай су сұрап,
Соңынан тамақ сұрайтын.
Қайыра бетін қай жеңгей,
Қандай да болса жақын ғой,
Булығып тұрып үндемей,

Беретін барын,— іш, же, той.
Шығарып жолға салады,
„Қайтуға жазсын" дейтін ол...
Хасірет еді тым ауыр,
Шығысқа тартқан сол бір жол.
Жалаң аяқ, аш-арық,—
Көтере берді жер беті,
Россия қайда, қай жерден
Басталар біздің ел шегі?
Әйтеуір келе жаттық біз.
Жолымыз өте тар еді,
Жалғыз емес, он едік,
Командир де бар еді,
Жауынгер еді ол көкжал
Білетін о жақ, бұ жағын!
Идеяға беріктеу
Болғаннан соң, мен дереу
Политрук болып алғамын.
Тастадық, тұтқын өлкені,
Ертіп ап жауынгерлерді,
Саяси сабақ өткізіп:
Болындар, дедім, жігерлі,
Жарылып егер қалмасақ,
Жарып өтіп кетерміз,
Тірі болсақ — өлмейміз,
Көздеген жерге жетерміз.
Кезінде қайтып қалармыз,
Не берсек,— қайтып алармыз.
Россия қайда, қай жерден
Басталар біздің ел шегі?
Сұраса егер өзімнен,—
Айталмас едім мен тегі,
Командир жым-жырт келеді,
Қарап қоям ақырын,
Көп ойлана береді,
Ойды қой, деймін, жарқыным.
Күмән жоқ, менің ойымда.
Аздан соң айтты ол расын:
Үйім бар жолдың бойында,
Саяси басшы, не айтасың?
Не дермін сірә мен оған?
Байқаймын, жүзі тым сынық.
Мұрттары кеткен салбырап,
Жүрегі тұрса ынтығып,

Қыстағы тұрса дәл жолда,
Кінәсі қанша, жігіттер?
Қаншама қатал болсаң да,—
„Барайық онда” демей көр.
Сілкініп сұңқар алды да,
Жіберді айтып өлеңді,
Шығап ап жұрттың алдына.
Қарыштай басып жөнелді.
Біз келе ымырт жабылды,
Бой тасалап, иіле,
Өте сақ, өте сабырлы,—
Бастады бізді үйіне,
Соғыстан қайтсаң үйіңе,
Ұрлана басып келсең сен,
Там жағалап тасамен
Үйіңе зорға енсең сен;
Көрсен туған ұяның
Берекесі кеткенін,
Бұл жерде қадап тұяғын,
Соғыстың басып өткенін
Әйелінді қуантпас
Көрінгені төбеңнің.
Кірдің де, шықтың, соғыстың
Соңын қуып жөнелдің.
Отырды үйдің иесі,
Етігін шешіп жайланып,
Тиірменнен, даладан
Қайтқандай-ақ айналып.
Сырты солай, бір басқа...
Қатын, пешті жақ дейді.
Достарымды бар асқа
Тойдыр, бір түн бақ, дейді.
Балалар жатыр ұйқыда,
Әйелі ұйқы-тұйқыда,
Жалғыз ғана түн, дейді,
Ол дағы түгел тимейді.
Асыға басып, қолы ойнап,
Қайнатып, жатыр, қуырып,
Сурет салған орамал
Алып та келді суырып.
Ішкізді де тойғызды.
Жатқызып та салды тез,
Өзі қандай қамқор-ақ
Өзі қандай қагілез,

Бұрында сірә бұ үйге
Келіп бір жүрген жандаймыз.
Бәріміз бейне батырмыз
Бәріміз бейне дардаймыз.
Үй иесі жауынгер
Ортамызда қолбасшы,
Әйеліне өзінің
Мұндай рыйза болмас-ты,
Әйелі оның жанжары
Күткен болар не қонақ,
Ілгерілі-кейінді,
Бүгінгідей дәл бірақ
Болмаған шығар пейілді.
Балаларын, әйелін
Қандай жауда қалдырды,—
Үй әкесі — арлы жан,
Соны ойлап ұзақ, қайғырды...
Сыйлығын көріп тиесі,
Жауынгерлер жатты ұйқтап.
Жатты үйдің иесі,—
Шаршаған бұ да тыйтықтап,
Келмеді жары жанына,
Салдырлатпай жуды ыдыс,
Отырып шамның маңына,
Әлде не зат алды да
Тігіп жатты асығыс.
Әйелін күтіп жатыр ол,
Бір дөңбекшіп, бір аунап,
Ұйқыға шомды достарым,
Менен ұйқы кетті аулақ,
Ұялып барам мен енді,
Қысылып барам, не еттім мен?
Ала салып шинельді,
Сыртқа шығып кеттім мен.
Мәтел болған тәртіппен
Дайын болды төседім:
Шинель жастап, жамылып,
Шинелімді төседім.
Қазыналық, әскерлік,
Қалың шұға, шинелім,
Менімен бірге көп түстің
От пен суға, шинелім.
Даңқты сұр шинелім,
Мейлі сені оқ тессін,

Өзім жамап кигемін,
Кімге қымбат емессін!
Қарағайдай көсілген
Құласа бауыр жаралы,
Шинельге орап ескірген
Санбатқа алып барады.
Өлсең, жансыз дененді,—
Басқалармен қатар сап,
Үстіңе жабар шинельді,
Мәңгілік ұйқтап жат, солдат!
Ұйқта солдат сол күйде,
Тыншыған бойға дем алғыз.
Не сапарда, не үйде
Не жарыңмен, не жалғыз
Қаңбап ең ұйқың өмірде,
Қожамыз шықты далаға,
Ұмыта алман сол түнді.
Сенікі не?
—Бәйбішеме
Берейін бұтап отынды.
Жүргендей бейне соғыста
Ұйқысының қашқаны,
Ағашқа барып сол тұста
Шілікті бұтай бастады.
Таң атқанша тарс та тұрс,
Солдатқа тіпті түн қысқа,
Көрсетпек болып қолғабыс,
Әбігерленіп жүр тыста;
Көрген соң жарын тым жақсы
Бір көмек оған қылмақшы.
Бұтайды ағаш, таң таяу,
Кетеді енді жауынгер.
Балалар енді бәрі ояу
Әкесі кепті!
Біреулер—

Қаз-қатар үйде көсілген,
Мылтық та белбеу әр түрлі,
Балалар отыр бұл сырды,
Ересек жандай түсінген,
Жіберді жылап балалар,
Балқыйды жаның бұл күйге,
Кім білед,
Бүгін немістер
Мылтықпен енер сол үйге...

Сол күні таң сөріде
Жылады баллар бакырып
Немістер жатқан сол жақтан
Сол бір дауыс әлі де
Тұрғандай мені шақырып,
Мансап үшін емес-ау,
Жапырып таңғы ұрыста,
Өзеннен өтіп есен-сау,
Қайта бір барсам сол түс ед;—
Бар арманым осы күн
Сол үйді іздеп табар ем;
Сол жеңгейдің есігін
Қуанып тұрып қағар ем;
Ішсем болды салқын су,
Отыру емес мақсатым,
Дидарласу, көрісу,
Жеңгем еді-ау жақсы-ақ тым.
Күйеуі жайлы сұраса,
„Есен-сау болар" демес пем,
Шинельді шешіп, балта алып
Отынын бұтап бермеспем,
Үй қожасы жауынгер
Қайда екен қазір білмедім.
Жатыр ма құшып қайран ер
Өзі сүйген бұ жерін...
Не керек, достар, қиялдап,
Тезірек жауды жоялық,
Бердім ғой біраз баяндап,
Осымен енді қоялық.

ӨТКЕЛ

Өткел, өткел! Қос жаға.
Арғы жақ та, бергі жақ,
Қыйыршық қар, аққан мұз...
Кімге ескерткіш, кімге даңқ,
Кімді жұтар су мен мұз,
Кімдер кетер із-түссіз.
Түн ішінде түнекте
Мұзды опырып жіберіп,
Понтондарға жиекте
Бірінші взвод тиеліп,

Жол бастады. Соңынан
Козғалды екінші взвод та,
Көп тұрмады, бет қойды
Үшінші де сол жаққа.
Салдай жүзді Понтондар,
Есті ерлер жасқанбай;
Естілді үні жаңғырған,—
Қаңылтырды басқандай,
Сілтеді ерлер бір жаққа,
Мылтықтарын өңгеріп,
Өзіміздің жігіттер
Кетті ілезде өзгеріп.
Өзіміздің жаңағы
Жігіттер емес сияқты,
Бәрінің қату қабағы,
Бола қапты жыйнақты:
Ерекше жақын сықылды,
Ерекше бәрі сүйкімді.
Ана сүті аузынан
Кетпеген өңшең жас ұлан,
Үйлі ме екен, бойдақ па,
Осы бір халық шаш қырған?
Жігіттер кетіп барады,
Есейгендей бір түрлі,
Жиырмасыншы жылдағы
Әкелері сықылды.
Дәл екі жүз жыл бұрын
Кезеніп шиті мылтығын,
Солдаты жүрген орыстың
Жолымен қатал соғыстың
Барады жап-жас ұл бүгін,
Ой бұрқаған шекесін,
Көздерін жанап сан рет,
Ысқырып ажал өтетін,
Бұл жолы қайтер, сабыр ет.
Келеді есіп, тер ағып,
Сырық та салып, сырғытып.
Қираған көпір астында
Тулаған толқын тұр күтіп.
Өзеннің міне ортасы,
Үйірді ағын бұларды...
Көтеріліп жотасы
Тебеді толқын мұздарды.
Майырылған темір бағанға

Соғылып толқын ойнады.
Бірінші взвод жағаға
Жақындап, сырық, бойлады.
Артында өзен мөңкіген,
Бірінші взвод кетті алыс,
Айнала төңген бір жат түн,
Берерсің қайтіп қолғабыс.
Өзеннен әрі түксіп,
Қаһарлы ызғар төгіп бір.
Құпия бойға күш жиып,
Қап-қара орман төніп тұр.
Тоқтар жер жоқ, жөн ізде,—
Өткел, өткел! Биік жар,—
Осы түнде толқындар
Қанды із тартты теңізге.
Қараңғы бір түбектен
От семсерін шығарып,
Прожектор кенеттен
Өтті өзенді қақ жарып,
Снаряд келіп түсті де
Орнатты судан діңгекті.
Понтондардың үстінде
Жігітгер біздің тым көп-ті...
Тұңғыш бір көрген сұмдығым.
Ұмытар емен мен мүлде,
Тірі адамдар жып-жылы,
Қалды-ау өзен түбінде
Ойран-топыр қырғында
Белгісіз болды жөн-жоба.
Орнады тыныштық, соңынан,—
Бұзылды өткел біржола.
Белгісіз әзір кім қорқақ,
Кімдер батыр болғаны;
Кімдер іскер, кім шорқақ,
Мәлім емес ол жағы.
Өткел, өткел... кара түн—
Әрі суық, әрі ұзақ.
Жағада жайды қанатын
Бірінші взвод жалғызак.
Жатыр ол оң жақ жағада,
Кім білед, қандай жағдай бар.
Ұяла еске алады
Сол жағада қалғандар
Алай-түлей сұрапыл,

Берекені кетірді;
Балшық, мұз, қар — быламық.
Түн өтпейтін секілді.
Шаршаса да өлмеген
Түнімен жаумен сілкісіп,
Қолдарын сұғып жеңіне
Пехота жатыр бүктүсіп.
Пехота жатыр маужырап,
Қараңғы түнде, орманда.
Таңмен бірге бір көмек
Етік пен тер, темекі
Исі мүңкіп сол маңда.
Ұйқы сергек бұларда,
Арғы жақта жағада,
Жатқандар бар таң күтіп;
Бауырымен жер жылтып,
Жатыр олар келер деп.
Уайым жоқ, үміт зор,
Түн де өтер не керек;
Не ілгері, не кейін
Барар жол жоқ — міне сор.
Мүмкін түнде жауған қар,
Көмген болар оларды,
Бойда қандай қызу бар,
Еріткендей ол қарды,
Жатқан болар жігіттер,
Көздерінен сөніп нұр,
Үсіп жатса,— ол нетер
Өлі жанға бері бір,
Өлгеннен соң өлімнен
Адам сірә қорқама.
Оларға тиісті паекті
Жазып жатты, дегенмен,
Старшина ротада.
Жазып жатыр паекті,
Күндегідей ақпары.
Кетіп барад олардың
Үйге жазған хаттары.
Паналап бір орманда
Дем алуға қонғанда,
Жазған болар хаттарын
Қағаз алып қолына,
Жазған болар, сап қойып
Бір -бірінің жонына.

Москваның да Рязанның,
Сібірдің де Казанның
Жатыр ұйқтап ұлдары,
Айтып кетті айтарын,—
Мәңгі әділет құрбаны.
Қатқан тонда күздегі,
Қалды суып іздері...
Мүмкін солай, мүмкін жоқ,
Басқаша болса ғажап па?
Ең болмаса бір белгі
Болса, азап-азап па.
Ноябрьде — бұрыл қыс
Түні ұзақ, желі өткір.
Үсті аяз, асты мұз,
Күзетте екі жігіт тұр.
Әлде елес, әлде түс,
Қырау ма қатқан кірпікке,
Әлде бір зат шынында,—
Шалынды көзге бір нүкте.
Шалынған көзге алыстан
Ноқаттай сол — немене?
Не бөшке, не бөрене
Өзенмен ағып келе ме?
Бөрене емес, бөшке емес,
Көз алдаған бір елес.
Әлде жүзген біреу ме?
—Қой, шырағым, қисынсыз,
Адам түгіл балықты
Үсітпес пе мына мұз.
Кеше суға кеткеннің
Бірі қалқып шықпағай?

Отырды бұлар тым-тырыс
Сонда бірі айтты жай:
Достың бір болса бұл
Суға кеткен кешегі,—
Болмас па еді үстінде
Барлық, киім-кешегі.

Осы сөзден бұлардың
Қуқыл тартты түр-түсі,
Жетіп келді бір сержант
Қолында бар дүрбісі.

Қарап еді, тірі адам,
Келеді жүзіп жалаңаш.
Тегі бізді аңдыған
Болмасын бұл фриц аш?
Теркин, болып жүрмесін,
Деді біреу қалжындап...
Күтелік біз сыр бермей,
Керегі жоқ қайық сап,
Байқайық та кім екен.
—Оллаһи сол, ант етем!

Мұзды опырып кеудемен
Жағаға ол таяды.
Кім десеңіз бұл келген,—
Теркин екен баяғы.
Шыққандай-ақ моншадан,
Жап-жалаңаш дірдектеп,—
Қалжыраған, шаршаған,
Құлай жаздап тұрды ептеп,
Орап, қымтап денесін,
Аймалап жұрт жігітті,
Әлі келсін, келмесін
Бұйырды да жүгіртті.
Тау түбінде штабта,
Төсекке кеп сылқ құлап,
Жатты,— емдеді достары,
Таза спиртпен ысқылап.
Ысқылады ысты кеп...
Кенет оған тіл бітті:
Доктор, доктор, тоқтаңыз,
Тауыспаңызшы спиртті,
Іш жағымнан жылтыңыз
Ыса бермей құр сыртты.
Берді бірді — тірілді,
Бас көтерді төсектен.
Ауызда тіл үйрілді:
Взвод аман кеше өткен,
Жатыр арғы жағада.
Түйілтіп жауға бір сертпен.
Лейтенанттың тілегі,—
От тастаса сол жаққа,
Арғысын өзі біледі,
Бой жазар едік сол уақта,

Кездескен болса қырар ек,
Өткелді сай ғып тұрар ек...
Айтты осыны, тұрды ол,
Кетпек болып тез қайтып,
Жігітсің,— деді полковник,
Алғыс, рахмет жатты айтып.
Ойнатып жүзде күлкісін,
Жауынгер сонда сөйледі:
Жігіт екем, ендеше
Тағы бір жұтсам мен,— деді.
Полковник көздің қырымен
Қарап бір қойды қаталдау.
Жігітсің. Бірақ сен бірден
Екіні тартсаң,—шығар дау.
Екі рет сапар шегемін,
Екі рет болса деп едім...
Өткел, өткел! Жер түнек,
Зіркілдеп жатыр зеңбірек
Қасиетгі, қаһарлы
Ұрысқа толы төңірек;
Даңқ үшін емес бұл тегі,
Тіршілік үшін жердегі.

СОҒЫС ТУРАЛЫ

Қысқаша баян етемін
Мүмкіндігі болғанша,
Тірлікті талап етемін
Тоқсан жасқа толғанша.
Соғыста ұмыт барлығын,
Орын жоқ кінә тағатын,
Берген соң соғыс жарлығын
Сапардан қалдық баратын.

Жыл келді, енді бар күшің
Жұмсалсын тегіс талапты ер,
Россия үшін, халық үшін,
Жер үшін біз жауапкер.

Иван, Фома бәріміз,
Өліміз де тіріміз—
Россия халқы біздерміз,

Бәрін қоссақ іріміз.
Біздерміз ғой, соны ойла.
Мен емеспін үгіттер,
Бұл шатақтан ешқайда
Қаша алмаймыз, жігіттер.
„Мен-мен емен, түк білмен“
Дей алмайсың сен мұнда.
Қала алмайсың бұғып сен
Өз күркеңнің ығында.
Жалғыздың үні өшеді,
Өндірмейсің сен түкте,
Есалаң бомба түседі
Болсаң да жалғыз бір нүкте.
Ойды таста, соғыс бұл,
Намыссыз болу жөн емес,
Төске төсті соғыстыр
Төбелес екен — төбелес.
Мән білмейтін мен емес,
Сыным айқын беретін;
Баяғы бұған тең емес,
Қолма-қолтық келетін,
Жұмырық емес сенерің,
Ол кеткелі көп заман.
Мен тіпті былай дер едім:
Дәл мынау одан көп жаман...

Беп-белгілі бәрі де
Талқылауды қоялық.
Айтарым менің бәріңе —
Немісті мықтап соғалық.
Соғыста ұмыт барлығын,
Жөнің жоқ кінә тағатын,
Берген соң соғыс жарлығын,
Сапардан қалдық баратын.
Қара бастың қамын жеу,
Қатарға кірсең,— жөн емес,
Болғаның нағыз жауынгер —
Ұрыста мықтап төбелес.
Лаулаған отқа енсең сен,
Орындап қайтсаң міндетті,
Озің тірі келсең сен,—
Олжаға баттың, нең кетті
Соқса ажал сағаты.
Қатардан шықтың несі бар.

Сіздер жайлы біреулер
Азар болса жыр жазар.
Барлығына біз даяр
Жүз өтірік жазсын-ау,
„Тек әйтеуір баланың
Болсын, деген, дені сау“.

ЖАРАЛЫ ТЕРКИН

Молаларды, орларды,
Тотыққан темір торларды,
Сорлаған жердің ой-қырын
Батпақты қалың ағашты,
Бұта-көде барлығын
Жасырып көзден қар басты.
Жел жындана жұлқыды
Даланың дөң мен жылғасын,
Ызыңдатты жолдарда
Өртенген үйлер мұржасын.
Өткел бермес омбы қар,
Басқан сол бір аймақты
Үйлері жоқ, орны бар,
Қарап тұрсаң жан-жақты—
Зеңбіректер зіркілдеп
Көкала түтін тұр түтеп.
Орманда, суық далада
Жарықсыз жер үй — панада,
Зеңбіректер мен танктардың,
Қалшылдап тоңған аттардың,
Маңында жүріп адамдар
Қарсы алды соғыс күндерін,
Қарсы алды соғыс түндерін
Тұрса да аяз қуырып,
Тоңдық-ау сірә демейді,
Арманы — жеңу немісті,
Қара бас қамын жемейді.
Немістер үсіп өлсе екен
Көрмеген бұрын мұндайды,—
Деп тілейді жігіттер,
Суыққа орыс шыдайды.
Тепкілеп тоңды би-билеп,
Соғысып қолдар тұс-тұста.
Тұрады ерте жігіттер,

Басталад күндер соғыста.
Бықсыйды түтін баяулап,
Жанады жайлап от лаулап,
Күйе басқан бақтарға
Шелектерден ақтара
Мұз аралас құйып су,
Ошақтың басы уда-шу.
Бұйығып шаршап түнімен,
Шығады олар інінен,
Жүгіре жортып жылынып,
Жатады қармен жуынып.
Сонан соң қаздай тізіліп,
Жұптарын жазбай бір сапта,
Котелок, қасық үйіріп,
Тартады таңғы тамаққа.
Майлы сорпа, ыстық шай,
Баяғы өмір бір өмір,
Тағы да жұмыс, шықты айқай.
Тағы да соғыс — сапқа тұр!
Соңынан қалмай ротаның,
Катушкасын арқалап,
Шетіне шығып орманның
Біздің Теркин сол кезде
Тартады сымын тұра қап.
Рота бұқты, оқ жауды,—
Аппақ қарды күйелеп,
Теркин кілтін бұраулы—
Тула, Тула, а, Тула,
Естимісің мені,— деп.
Болдырмай сірә қоям ба,
Дегендей болып ым қағып,—
Бір үріп қойып, трубканы
Командирге берді алып.
Командир келе жығылды
Трубканы уыстап,
Шырпы тартқан сықылды,
Өз дауысын уысқа ап;
Аппараты сайрап тұр,
Қойыпты Теркин дұрыстап
Тула, Тула, көмек бер,
Бір азырақ, от жібер...—

Өрнегі жетпес сөзіңнің,
Қуаныш бар майданда —
Зеңбірегің өзіңнің
Күркірей айқай салғанда.
Жұлқылай жыртып ауаны,
Алыстан емес, жақыннан,
Жұлдызша жүйткіп ағады,
Снарядтар атылған.
Полктық барлық зеңбірек
Жатты тегіс аһ ұрып.
Дивизиялық ноян көк
Жіберді ол да ақырып,
Уһ, деген бір шықты үні,
Жіберді бір мықтыны
Басылды соғыс көрігі
Дүрілдеп жалын оңды-сол,
Жапыра жайпап жер-көкті,
Пехотаға ашты жол.
Ұр да қират, жақ, өрте,
Қыстақ болсын, үй болсын,
Блиндаж болсын, ор болсын, —
Дұшпанға лайық сый болсын!
Қалғандар кім құм бүркеп,
Құтылмасын айламен;
Саспа, саған жақын кеп
Пехота түйрер найзамен!
Қалмай еріп ротаға,
Сымын тартып Теркин жүр.
Бір взвод кетті тым алға.
Қалма, Теркин, тез жүгір...
Сусылдата сым тартып,
Өмірін сондай ұзартып,
Келеді Теркин ден аман.
Кенет оның маңынан,
Шоғырмақ тал түбінен
Чох! деген бір үн шықты.
Түсті де Теркин етбеттеп,
Көміле қарға тұншықты.
Көміле түсті көміле,
Таусылғандай демі де,
Тірі ме әлде өлі ме, —
Білмейді оны өзі де.
Жанында, қардың үстінде

Снаряд жатыр ызындап,
Теркин жатыр тым-тырыс,
Арқа жоны дызылдап...
Құйрығындай сарықтың
Жүрегі оршып тулайды.
Жаны алқымға таялды,
Көріп пе еді мұндайды!
—Мына сайтан снаряд
Жатып алды-ау жарылмай
Жатпақпын ба осылай,
Енді қайттым, япырмай.—

Атып тұрып қараса,
Дәл өзіне жанаса
Тайпақ тұмсық, жұп-жұмыр
Жатыр бықсып бір құрғыр.
Калибрлі белгісіз,
Үлкендігі шіркіннің
Тыңқыйған семіз торайдай;
Бұл ақымақ көр соқыр,
Қырып кетер, қой ойбай!
Аударды ол көз қырын,
Міне қызық, күліп көр;
Қарға тығып тұмсығын,
Жатыр өңкей жігіттер,
Түк қорықпаған кісіміп,—
Тұрды Теркин ойқастап.
Болдындар ма жер иіскеп,
—Тұрындар!—деп сөз бастап.
Ойылған жер шетінде
Жұрт көінде бұл тұрды,
Снарядқа бұрылып,
Кіші дәрет сындырды...

Көрді Теркин қойманы,
Сәл азырақ, ойлады,
Катушкасын берді де,
Тартындар алға,— деді де,
Қос гранат қолға ұстап,
Өзі кетті ойыстап.
Есігінен қойманың
Тоғытты бір гранат,
Секіріп түсті ішене,—
Ете алмады еш тағат:

Офицерлер, солдаттар
Шығындар, кәне, бір-бірден...
Көрінеді бір сәуле
Тым-тырыс мынау үңгірден.
Не болар екен, байқалық,
Тегі ешкім жоқ білем.
Жоқ қой ешкім. Жалғыз мен...

Естіледі гүрс те гүрс,
Болып жатыр ойраны.
Іс шатаққа айналды,
Атқылап жатыр қойманы.
Атқылап жатыр бір мені,
Жаман да емес мергені.
Обалы қанша, қойманы —
Салған-ақ екен сорлылар,
Сырттағы соғыс ойнағы
Камалға мұндай не қылар.
Салған-ақ екен жақсылап,
Әрі берік, әрі кең,
Шекеден терің тамшылап
Шәй ішіп жатар жер екен.
Ылайық тамақ, ассаң да,
Қабырға газет жазсаң да.

Үй сықылды байқасам:
Жылы пеш тұр бұрышта.
Төсек дайын тынықсаң,
Едені толы шашылған:
Қаңылтыр, шыны ыдысқа,
Темекі, киім, былғары,
Көйлек, дамбал тұр бәрі.
Маған мына мекеннің
Жат көрінді бұл сәні.
Келе қалса?.. Несі бар,
Тұрмын ғой мен қорғанып.
Нысана ғып есікті,
Қос граната қолға алып,
Токталды атыс. Тып-тыныш,
Келіп қалды-ау, япырмау!..
Саспа, Теркин, ал тыныс,
Келсін бәлем жақындау,
Көзде Теркин, тигіз дәл,
Саспай, Теркин, деміңді ал.
Шынымды айтсам, жігіттер,

Өзім соған таңғалам:
Бетпе-бет кеп сол неміс
Тұрды алдымда бір қадам.
Ақ бірдеме жамылған,
Бітіргендей бір істі;
Көрдім қарсы алдымнан
Сол бір жендет немісті.
Шегіншектеп түсті ол
Есігінен үңгірдің...
„Теркин досым, мықты бол,
Қата жазсаң, құрыдың”,
Жарылғанша гранат
Бұрқ еткізіп үңгірді,
Шолақ тонды офицер
Қарғып түсіп үлгірді.
Тимей өтті гранат
Тірі қалды, бұл енді—
Босағаға бұға қап,
Пистолеттен жіберді.
Теркин найза ойнатты.
Жұмсақ жерден бойлатты.
Тізе бүгіп азырақ,
Қозғап еді ананы,—
Оң иығы сырқырап,
Күйіп-жанып барады.

Қолы келмей икемге,
Түсті сұлық иденге.
Қармады қан. Кім қаны —
Екендігін білген бе.

Кенет осы маңайдан
Гүрс еткізді бір мықты.
Гүрс еткізді, салды ол
Сол маңайға бүлікті.
„Біздікі бұл,— деді ол,
Енді бәрің қараң бол”.
Мына тарсыл-гүрсілден
Бітті оның құлағы.
Тула, Тула, не болды,
Өз адамың мұндағы
Дзот ішінде жаралы,—
Отыр, жеңнен қан саулап,—
Тула, Тула, обал ғой,
Өлім құшып жатса аунап.

Суық, үңгір түбінде,
Аяғы су, қолы қан,
Өліп кетсе бұл күйде,—
Арман, арман, о, арман!
Өмір неткен қызықсың,
Сезесің бе қыймауын.
Ең болмаса бой жылтсын.
Кептірсін де шұлғауын...
Теркин отыр тұнжырап,
Хасірет өртеп өзегін.
Тула, Тула... Менмін ғой...
Тула... тында... Өз елім.

Сол мезетте алыстан
Естілген бір дыбыстан,
Дүрілдеді бүкіл жер.
Келе жатты шығыстан
Темір тасқын танкілер.
Салық кеуде жер сызған,
Қозғалысы тым ауыр,
Зеңбірегінен шошыр жан,
„Ғаламат қой мынау бір!,—
Деп шошытар көргенді
Көк танкілер тебренді.
Алып үнмен бұрсанған,
Болат бронь құрсанған,
Үштен-төрттен бас ҚОСҚАН,
Үйдегідей достасқан
Сақал, шашы қырылған
Келеді өңшең ер ұлан.
Тұңғыш енген майданға
Өңшең саңлақ ер еді.
Саңлауларын сығалап
Алдын көріп келеді.
Қопарылған бір оба
Көрінді тез оларға,—
Быт-шыт бопты біржола,
Тығылғандар болар ма?
Мүмкін күтіп мерзімін
Зеңбірек құрып отыр ма?
Бүйірлей бұрыл, машина,
Түспе ойран-топырға.
Әлде кезіп автомат,
Отыр ма екен бір неміс.

Келсе екен деп жақындап,
Біздің досқа қайрап тіс.
Командирге екі адам
Кете барды ілесіп,
Қолдарында гранат,
Төмен түсті, тапты есік.
Қап-қараңғы бір үңгір,
Тек тыныштық ұйып тұр...
Үй бос емес, жігіттер,
Қайсың едің, кіріп көр.—
Деді біреу кенеттен
Қап-қараңғы бір шеттен.
Тыңдап тұрсаң әлгі үнді,—
Таныс дауыс кәдімгі!
Кел біреуің, кел, дейді,
Маған көмек бер дейді.
Кеше осы уақытта
Алғам мұны мен, дейді.

Қараңғы бір бұрышта
Жатыр жігіт қансырап,
Келеді жақын үшеуі
Кімсің, деп сен, жөн сұрап.
Тіл қатпады Теркин еш,—
Кім ғой десең, сол дей бер,
Кірпігін де қақпады,
Жерді көр де жүзін көр,
Тауып оны танкистер
Кете барды жол жүріп,
Омбы қарлы алыс жер,
Танк тыпырлап, болдырып.

Мерген жігіт Теркинді
Сүйемелдеп отырды,
Өз демімен жылытып,
Өзінше емдеп отырды.

Өз киімін шешіп ап,
Жапты оның үстіне,
Қайтып мұны өмірде
Көрер-көрмес, ісі не...

Шіркін майдан достығы,
Мұндай достық қайда бар!
Бұдан артар достықты
Жиһан шарлап кім табар?

НАГРАДА ТУРАЛЫ

Қой, жігіттер, тегі мен
Такаббар жан емеспін,
Медальға да ризамын,
Орден бермед демеспін.
Медаль жарайд, оған да
Асықпайтын, алармын.
Соғыс бітсін. Мен сонда
Еліме бір барамын.
Тірі болар ма екенмін,
Болжап жатпан соғыста,
Тірі қалсам — медальды
Әкел, дермін сол тұста.
Татыйды екем бер дермін,
Әкел дермін медальды,
Бағалай білген жөн дермін,
Соғыстан келген адамды.
Түсе салып барармын,
Өзіміздің кеңеске,
Сауыққа кез боп қалармын,
Ел сауықшыл емес пе.
Егер сауық болмаса,
Ренжімеспін мен оған,
Колхоздан барып колхозға,
Талай жерге мен соғам.
Бар аймақты аралап,
Барсам басқа кеңеске,
Тап болармын сонда мен,
Сауық-сайран бір кешке.
Тап болған соң сауыққа,
Сақтап барлық әдетті,
Темекіні тастай сап,
Тартар едім „Қазбекті“.
Баяғыда — бағыда
Жалаң аяқ шыққан төр,
Шықсам соған тағы да
Шықсам соған, жігіттер.
Будақтатып шылымды,
Жұрттың бәрін сыйласам,
Әркім қойған сұраққа,
Маңызданып, маңғазсып
Жауап бермей қыйнасам.
Қалай болды? Әр қыйлы.

—Қыйын шығар.— Түрліше
Шабуылда болдың ба?
Барып жүрдік бірнеше.
Қыздар біткен сол кеште,
Басқаға мойын бұрмаса,
Белбеуімнің сықырын,
Рахаттана тыңдаса.
Әзіл айтсам айнала.
Көзім түссе бір қызға,
Міне дәл сол арада,
Медаль тұрса төсімде,
Ұқсап жанған жұлдызға.
Қыз құмартып сөзіме,
Жанымнан еш кетпес ед,
Құрбым, сол кез өзіңе,
Орден де зиян етпес ед.
Қыз отырса көз алмай
Орденіңнен төстегі...
Жо жоқ,— деді Василий
Күрсінді бір, жоқ, деді.
Қой, жігіттер, тегі мен
Такаббар жан емеспін
Медальға мен рыйзамын,
Орден бермед демеспін,—

* * *

Теркин, Теркин ақ көңіл,
Қуаныш-қайғы бәріне
Көндіккен бір жансың ғой,
Көз саласың әріге.
Түсті талай жапырақ,
Өсті талай жапырақ,
Смоленге — жеріңе,
Жеткен хатың жоқ бірақ.
Қыздар қайда, кеш қайда.
Қайда туған кеңесің?
Олай қарай жоқ қой жол,
Өзің де Теркин сезесің.
Жол жоқ екен — хақың жоқ,
Бара алмайсың сен тегі,
Ғаламат қанды бұл соғыс,
Болып жатыр жазы-қыс,
Өмір үшін жердегі.

ГАРМОНЬ

Майдан маңы, бір жолда,
Үсте жаңа шинелі,
Қынай белін буынған
Бір жауынгер келеді.
Өз ротасын, өз полкын
Іздеп келе жатыр ол.
Өте ширақ жүрісі,
Қанатындай қағылған
Екі жакта екі қол.
Іші пысқан көп жатып,
Асығады ол сондықтан,
Сақылдаған сары аяз,
Демегендей қолтықтан.
Естілді оғын бір сигнал
Машина екен қараса,
Кабинканың есігін
Шофер сол кез берді аша —
Отыр, кәне, пехота,
Қармен ысшы бетіңді.
Қайда тарттың?

—Майданға.

Жарам бітіп жетілді,
Қолың қалай?

— Жазылды.

Героймысың?

—Жоқ әзір.

Олай болса, кәнеки,
Темекіңнен орат бір.
Қолда шылым, жол жаман,
Келед үнгіп екеуі
Қардан салған туннельді;
Жолдан тайсаң бір табан,
Лақтыра бер шинельді.
Бір тәуірі күрек бар,
Ол болмаса күн қараң.
Болысарлық білек бар,
Әйтпесе жол тым жаман.
Үш тонналық грузовик,
Келсе,— алды қалың топ,
Атты болсаң бір сәрі,
Жаяу болсаң бір сәрі.
Машинаға еш жол жоқ,

Уақыт босқа өтпесін,
Бос әңгіме иықтап,
Боранкаға сүйеніп,
Шофер кетті ұйқтап.
Талай күндер шала ұйқы,
Долы боран, алыс жол,
Кеудесімен қар күреп,
Не михнатты көрген ол...
Зеңбірек, танк, асхана,
Машина, көлік тіресіп,
Орман, өзен арасы
Тұрды толып сіресіп.
Өңкей жеңіл машина
Бір бүйірлеп, қырындап;
Жылан бауыр дөңгелек
Кұр айналған зырылдап.
Жалаң жердің желі өткір,
Аязы тым ашулы,
Өңменіңнен өтеді,
Бар қаһарын шашулы.
Әттеген-ай мұндайда
Бір гармонның болмауын!—
Сақылдаған аязда
Шешіп алып қолғабын,
Уқалады қолын ол.
Деді біреу.— Гармонь бар,—
Аяқтардың астында
Ұйпа-тұйпа омбы қар.
Бір танкінің жанында
Екі танкист тыпырлап,
Аяқтарын жүр жылтып,
Қыйыршық қар сықырлап,
Қайда гармонь, жігіттер?—
—Гармонь бар ғой. Тек бірақ...
Водительге жауынгер
Бір қарады жаудырап.
Апкел бері, ойналық,
—Оныңыздың бар жөні.
—Ендеше не тұрыс бар,
Өзі кімнің гармоньы?
Кімдікі деп қайтесің,
Иесі мұның жоқ кәзір.
Бұл гармонға тым құмар
Еді біздің командир.

Қаза болды, жерледік.
—Солай ма еді?..— дей салды
Әлгі жігіт ұялып.
Өз сөзінен тайсалды,
Біраз тұрды кыйналып.
Бар болған соң, ойнауға
Бола ма деп ойлап ем,
Мәнін біле қоймап ем,
Деп ол дереу өзгерді,
Доғармаққа сөзді енді.
Дәл кешегі қырғында,
Отырып еді ол мұнда,
Біз үшеуіміз дос едік,
Деді мерген тағы да.
Болмайды екен, болмайды,
Әуелгіде білген жоқ,
Түсінемін ондайды;
Екі бірдей соғысты
Босқа кешіп жүрген жоқ...
Жарам да бар денемде
Естен танғам бір рет.
Мүмкін ертең тағыда
Соғысқа енем, кім білед.—
Деді оған водитель:
Ойнай қойшы, мә, мейлің,—
Ала сала гармонды
Аударып ол жұрт зейнін,
Маңызданып тәртіппен
Саусағын тез жүгіртіп,
Жоғарыдан төменге
Бір-ақ түсті сыдыртып.
Иесінің соңында,
Жетім болып қалған сол
Қарт гармоннан есті кеп
Бір ғажайып жылы леп
Қатал майдан жолында.
Суық машиналардан
Отқа ұтылған сияқты
Кеп жатты жұрт үймелеп;
Кім гармоны, тартқан кім,
Онда іс жоқ, күй керек,
Тек танкіші қос жігіт
Гармоншыдан көз алмай,
Қарай берді тесіліп,

Ұлпа қармен аралас
Әлде неге төзе алмай.
Елестеді әлде не,
Бір көргенге ұқсайды.
Бұл жігітті ертеде,
Отырғызып танкіге
Апарғандай бір жерге.
Саусақтарын құбылтып,
„Үш танкист" атты өлеңді—
Қалағандай жұрт тілеп,
Ойнап ала жөнелді.
Аң-таң болды жігіттер —
Шлем киген былғары,
Шыққандай-ақ бұл өлең
Дәл осылар туралы.
Жауынгер ертіп күйменен
Әлдеқайда кетті алып.
Жақсы едіңдер не деген,
Балауса балғын жас халық.
Бұдан да көп айтар ем,
Ішімде сақтап қаламын.
Бұдан да жақсы тартар ем,
„Жеткені осы шаманың".
Ал мен енді бір ойын
Көрсетейін сендерге,—
Жылынбаққа бүкіл жұрт,
Үйірілді сол жерге,
— Тоқтаңыздар, қолымды
Үріп жылтып алайын,—
Жігіттің қолы үсісе,
Жедел жәрдем тұр дайын.
Қойшы вальс дегенді,
Бар еді ғой ана бір...
Қайта шешіп қолғапты
Шүйіле шолып жан-жақты
Қарап қойды және бір.
Төңкере тартып оң-солды,
Безілдетті гармонды,
Жатыр қайда кім өліп,
Кімдер өлмек әлі де
Ойпайтын бұл уақыт па,
Естен шықты бәрі де.
Жерде шөпті кім басар,
Тірі қалар кім болар,

Өз есігін кім ашар,
Үйі, жары... қайда олар?
Екеу-екеу бишілер
Дөңгелене жөнелді.
Сары аязда ақты тер,
Алқалы топ тебрелді.
Қыздырыңдар, жеңгейлер,
Аяқ баспа, ақырын.
Жүгірді шофер баяғы
Қалмайын деп махұрым.
Әлдекімнің боздағы,
Ұлы қандай ананың —
Жібер деді, өзімді,
Жібер, өліп барамын.—
Жұрт жол берді, ол кетті,
Таңырқатты бұл жұртты,
Өнерін бір көрсетті,
Тіл жетпестей құбылтты.
Билегендей бір кеште
Қайыстыра иденді,—
Өлең-жыры аралас,
Қыздырды бұл биді енді.

Мән шықпады бұл биден,
Болар ма еді тас еден,
Лақтырып бұл пиманы,
Өкше байлап қояр ма ең,
Сартылдата соққанда,
Тас болса да ояр ма ең!-
Шақырады бұл гармонь
Жетектейді қыйырға,
Қос қанатын күй жайып
Жігіттер-ай, шынында,
Неткен жұртсың ғажайып!
Жігіттерге не керек,
Оттан, судан таймайды,
Не болса да дүниеде
Қоймас бұлар имене,—
Гармонь солай сайрайды.
Тілі бардай сайраған
Гармонь үні жанға хош.
Екі танкист келді оған:
Білесің бе,— деді, дос?
Таныспыз-ау сірә біз,

Есімізде, бір уақта,
Осы сені мына біз
Апармап па ек санбатқа?
Қан-қан болып жатып ең,
Шөл азабын тартып ең...
Тоқтатты да гармонын
Қысқаша айтты бұл жөнін:
Е, несі бар, мүмкін ғой,
Мен болармын дәл соның,
Біз тұрмақпыз ремонтта,
—Сенің жолың өзгеше,
—Ол рас.

—Мына гармонды
Сен алып кет, ендеше.
Ал да, ойна, зауқың бас
Саған лайық, ойнай біл.
Пехотанның мауқын бас!
— Жок, жігіттер, қалай бұл?
Солай,— деді водитель,
Солай болсын түп-тура,
Командир біздің ойнайтын
Содан қалған бұл мұра,—
Мың дөңгелек сайысқан,
Сонау жақтан бір шеттен,
„Машинаға мініңдер!“
Деген бұйрық жетті өктем.
Бірде ойпат, бір дөнес,
Қалың ағаш, қарлы жер,
Теркин тартты, сапарға
Сол еді әлгі жауынгер.

ЕКІ СОЛДАТ

Дала ызғырық долданып,
Жақын жерде соғыс бар;
Пеш үстінде кемпірі,
Терезеде отыр шал.
Жарылған мина. Таныс үн
Шымырлатад дененді.
Тегі Теркин үйіндей —
Соғысқа кеп тағы енді.
Елеңдемей құлағы,

Сыр білдірмей шал отыр.
—Асып түсті. Жетпеді.
Дейді,— кемпір жата тұр,—
Пеш үстінде кемпірі
Жатыр ояу, көз ілмей,
Әлсін-әлсін шалына
Қарап қояд сездірмей.
Тығып алып бір кезде
Кілт біткенді жанына,
Сыйламайтын шалын бір
Жуытпай пештің маңына,—
Долы тентек сол кемпір
Енді бүгін құрметпен
Қарап қояд шалына.
Көзілдірік көзінде,
Қолда аспап-жарағы,
Үстінде тон, отыр шал
Қайрап ескі араны.
Қайрағанмен өтпейді,
Таусылды әбден амалым...
—Айырып па ең, қария,
Тістерін бұл араның?
Бере тұршы деп Теркин
Алды қолға араны.
Тулатып қолда шортандай
Олай да бұлай қарады.
Деді Теркин,—е, бәсе.
Ойлады не істерін:
Аспабыңды әкел, қарт,
Айырайық тістерін.
Міне қызық, бері қара,
Іске алғысыз ескі ара.
Қолынан оның өткені,—
Құлпырып жайнап кеткені!
Ара түсті бір аунап,
Болды, бітті.

— Міне, көр
Жаңадан өткір болды бұл.
Кінәлапсыз құр бекер.—
Сәл ұялып қалды шал,
Араны тез алды шал,
Солдатпыз ғой сіз бен біз
—Ұрыста да жұмыста,—
Деді де шал араны

Қойды апарып бұрышқа.
Қарт қой менің солдатым,
Қалмаған ғой көзде нұр;
Деп қояды кемпірі.
Сонау соғыстан бері
Анау сағат жүрмей тұр,
Көрсен еді соны бір
Қараса алып сағатты—
Бір машина шаң басқан,
Өрмекшілер ұялап,
Көп жылғы кір баттасқан.
Жас кезінде қарт солдат
Жаңа үйге кіріпті,
Сонда ілген бұл сағат
Бүгінгеше тұрыпты.
Сағат қой бұл, ара емес,
Байқады ол зер салып,
Қиын екен мәселе,—
Деді шебер тамсанып,
Шұқыды бізбен бір жерін,
Үрлесе шаны бұрқырап,
Түкіріп еді, о, ғажап,
Кеткені ғой жүріп ақ.
Бұрады оңға, солға да
Қойды беске апарып,
Солдатпыз ғой, шіркін біз,—
Дей берді қарт жас алып.
Шалдың көңлі босаған;
Кемпір тосты құлағын;
Жүріп тұр, о, жасаған!
Неткен адам,— осы адам,
Перісі бар ма мынаның!?!—
Кемпір аң-таң. Жігіт тұр,
Емес тіпті аянар,
Шеше, біраз май қуыр,
Не істе десең мен даяр.—
Кемпір басты ыңқылға:
Қайдағы май, қой ойбай!—
Теркин айтты:—Бар мұнда,
Келген жоқ неміс,— бар ғой май!
Қарады аяқ астына
Тұрған бетте сол күйде,
Өзім іздеп табайын,
Май қайда екен осы үйде.—

Кемпір шошып күрсінді,
Пеш үстінде аунады.
Құдай білед түк те жок,
Қайдағы май, қайдағы?!—
Шал шұнаңдап, қонағын
Шынтағынан бір түртті.
Солдатпыз ғой шіркін біз.
Май дегенің, тұр кілтті,—
Кемпір кілтін көп іздеп,
Түсті пештен, тапты май;
Қуырды екі жұмыртқа,
Жан-тәнімен жақтырмай.
Уа, жарықтық жұмыртқа!
Көп қасиет бар мұнда;
Орыстардың салтымен
Арақ жұтсаң алдында.
Отағасы, алып көр,
Соғыстағы мөлшермен,
Беріп еді дәрігер,
Шығарымда мен бермен,—
Флягінің тығынын
Алды да тез суырып,
Көтер, ата, деді ол,
—Артығы жоқ мынаның
Кәрі солдат көтерді,
Шашалды бір булығып,
Ғафу ет,— деді, шырағым,—
Искеп, мұрнын шүйіріп,
Жеді нанды, тойды тез,
Флягісін үйіріп,
Теркин шалға айтты сөз:
Қалай десең, олай де.
Бұл тамшыға жауынгер,
Жылынбайды соғыста.
Алып жібер.

—Ал, жібер...
Екеуі стол басында
Отыр қатар жақындай.
Солдаттарша сапырып,
Әңгімесін, тартынбай.
Токта жолдас, дейді шал,
Пиманы сен мақтайсың,
Пимаң жақсы. Бірақ, ал
Су боп қалды, кептірші,

Соны неге айтпайсың?
Жер үйде ол кебер ме?
Етік берші онан да,
Шұлғау болсын шұғадан,
Құдаймын ғой мен сонда!—
Дәл қораның маңына
Түсті келіп снаряд,
Елемеді Теркин де,
Елемеді қарт солдат.
Біздер мұны көп көрдік,
Бастан талай өткердік,
Ботқамызға кеп түссе,
Елең қылмай, жеп көрдік;
Келіп түссе, қасықпен
Алып тастаушы едік біз.
Ал өзіңе тисе дөп,
Онда амал жоқ,— өлікпіз,—
Деп мақтанды шал үдеп.
Бірақ бомба жауғанын
Көрген жоқсыз, әке сіз.—
Бұл бір жатқан ғылым ғой,
Көрмедік біз, қайтесіз,
Өзгені қой, мынаны айт,
Білгім келеді үйткені
Ол не нәрсе?— сендердің
Бар ма осы биттерің?—
Қара нанның қыртысын
Майға малып жеді де,
Теркин жайлап жымыйды,
—Азырақ бар,— деді де.
— Онда нағыз жауынгер
Екенсің сен, қолың бер;
Сен жассың ғой, мен қарт та,
Солдат бауыр солдатқа,
Бір сөзім бар, сен бұған
Қалжың қоспай жауап бер,
Шын әскери тұрғыдан,
Жауабыңды талғап көр.
Жеңеміз бе немісті,
Женбейміз бе, айтшы сен?—
Токта, тойып алайын,
Сонсоң айтам,— айт десең.
Көп жеді ол; дегенмен
Тамақты тым сыйлайтын,

Қарны тоя жегенмен,
Көзі құрғыр қыймайтын.

Тазартып боп табаны,
Ақ орамал қолда ойнап,
Тұрды сүртіп тамағын,
Тұрды тіп-тік ол бойлап.

Қолын жуып сүртті де,
Мейман кәде орындап,
Иді басын кемпірге,
Қарт солдаттың қолынап.

Жүрмекке бел буынды.
Үсті-басын шолды бір.
Қоштасты әбден тәртіппен,
Қараса: сағат жүріп тұр!
Еш нәрсесін қалдырмай,
Жыйып-түйіп теп-тегіс,
Босағаға барды да,
Күрсіне дем алды ма,
Деді: — Ата, жеңеміз...
Дала ызғырық долданып,
Жақын жерде соғыс бар.
Пеш үстінде кемпірі,
Терезеде отыр шал.
Туған Россия жерінде,
Қысқы жолдың бойында,
Вася Теркин келеді
Немістерді жоюға.

ШЫҒЫН ТУРАЛЫ

Бір жауынгер кисетін
Жоғалтты, іздеп таппады.
Бір қырсықтан бір қырсық,
Жаныма әбден батқаны.
Үй ішімнен айрылдым,
Оған да көндім,— қайғырдым,
Енді мынау кенеттен
Айрылғаным кисеттен,
Жоғалды кетті зым-зия...

Қора-қопсы, үй-ұя,
Жоғалтқанмын оны да.
Енді менің сорыма,
Көрдіндер ме, қырсығып,
Жоғалуын кisetтің.
Жас болсам егер бір жөн-ау,
Қырыққа биыл мен кеппін...
Айрылдым туған жерден де,
Бар дүниеден, кisetтен,
Кisetім жоқ,— қолым жоқ,—
Деп қарады ол қасіретпен.
Азынап мектеп үйі тұр,
Балалар жоқ үлкендер
Парталар жоқ, шөп жатыр,—
Төсек болған еден, жер.
Ұйықап жатыр сол үйде
Жауынгерлер тыңайып,
Тек жаңағы сақалды
Отыр сөйлеп мұңайып.
Кisetсіз мына темекі
Татымайды ауызға.
Не дерсің дағдыр жауызға!—
Теркин жолдас, мінеки,
Со да дағдыр болып па!—
Деді Теркин әлгіге.
Кімде болмас мұндай хал,
Со да боп па әңгіме.
Бұдан да зорды көргем мен,
Соған да шыдап көнгем мен,—
Отырды ол үн-тілсіз,
Әркімдер жатты оянып,
Теркин қапшық ішінен
Бір малақай қойды алып.
Майдандас дос кәдімгі,
Кәдімгі тері малақай,
Басында бар біреуі,
Неге екеу бұл қалай?
Теркин айтты:— Танкке сап
Тапсырыпты мені әкеп
Малақай жоқ, сездім тез
Болғанын бір пәлекет.
Тоңғандықтан емес-ау,
Намысыма тигені,
Малақайсыз келген соң,

Жауынгер, дер кім мені?
Бір қыз менің жарамды
Таңып жатты еппенен;
Байқауымша, бұл істе
Пісіңкіреп жетпеген.
Малақай бер, малақай,
Әйтпесе барман!— деп салдым.
Жарам ауыр, япырмай,
Көзіме ептеп жас алдым.
Ал, ана қыз „әлдилеп“
Төкті маған мерейін.
—Бас киімсіз келдің дейд,
Өзімдікін берейін.
Иіліп кеп кигізді,
Сүйріктей ақ саусағын
Жағыма әкеп тигізді;
Қырылмаған сақалым,—
Қадалған болар инедей;
Жатыңыз, дейді, ренжімей...
Өмірде талай малақай
Тоздырдым киіп, сан жетпес.
Иісі бөлек мынаның,
Мұрынымнан еш кетпес..
—Тауыпсың ойлап сен дағы;
Естіпсің алыс қоңырау.
Малақай сақтау ресім бе,
Немеңе керек бұл, мынау?—
Жауынгерге қадірлі,
Ескерткіш бұл, сақтайын.
Мақсатым бар көздеген,
Оңаша саған айтайын.
Кездесер, айтар сөз болар.
„Бас киміңіз алыңыз“,
Мүмкін бір кеш сол бір қыз
Деп айтатын кез болар...
Орнынан тұрды Василий
Жұртты бір ду күлдірді,
Дәл сахнада сол қызға
Тіл қатқандай ол тұрды.
Бес сөз айтқан сол қызға.
Кездескендей қолма-қол...
Василий Теркин жалғыз ба,
Бұл соғыста талайдың
Жарасын танған болар ол.

Қалай-қалай соғады,
Кесек жатыр сөздері.
Ал сен сорлы білмейсің
Кисетіңнен өзгені.—
Соғыс деген қолайлы
Бойдақтарға, ол рас.
Онда ешбір жоқ қайғы,
Кімді ойласын жалғыз бас,—
Тауып айттың, оның жөн.
Бойдақтарда қайғы жоқ,
Дәл осыны білген соң,
Үйленбедім мына мен.—
Нені білдің? Көп адам
Біліп қойған білерін:
Солдат шықса бір қадам,
Үйіне соғыс кірерін;
Қаптап қызыл топандай
Қара жердің бетінде,
Қаздырар ол окопты
Москваның бір шетінде.
Сен не білдің?

—Тоқта сен,
Тек сыртыма қарама.
Азды-көпті білмесем,
Түк білмес деп санама.
Астанада оқымай,
Болсамдағы колхозда...
Лекциямен оқыр ем,
Гармоным қалды-ау обозда.
Бір нәрсені айтайын,
Ұғармысың, байқайын,
Дүниеде неше жыл тұрдық?
Жиырма бес жыл, білмесең.
Әй, жолдасым, көршім-ай,
„Кисет,кисет" дейсің сен —
Сақылдыға сақылдап
Күлсе дағы басқа жұрт,
Шөп-саламды ақтарып,
Кисетін іздеп ол жым-жырт.
Кисетсізбін— қолсызбын,—
Деді ол тағы таба алмай.
Көркіңіз еді ол сіздің
Тұрғанында жоғалмай.
Әскери зат — кисет ол,—

Бұрынғыдай жауынгер,—
Бола алмайсың сен енді,
Мә, менікін алып көр.
Ал ұялмай бергенді,
Қайырымды жігітпін,
Аямаймын. Өлмеспін,
Келесі жыл бес кисет
Маған сыйлап бермес кім.—
Алып ескі кисетті,
Балаша ол қуанды...
Сонда Теркин жақын кеп
Әзіл айтып қуанды:
Тыңда, туыс! Кінәң жоқ,
Жоғалтсаң сен үйіңді,—
Соғыс солай, шараң жоқ;
Жоғалтпа бірақ, мыйынды.
Кисетің мен темекің
Жоғалса,— о да қыйын-да.
Кисет тігіп беретін
Жан жоқ, назаң сыйымды.
Әйтседағы оларсыз,
Өлмеген-ақ боларсыз
Темекіні тартармыз,
Ұмытылар ол қайғы
Бірақ Россия — анаңды
Жоғалтуға болмайды.
Бабалар мен балалар,
Келер ұрпақ кешірімес,
Дүниеде қанша тұрдық біз,
Мың жыл ма?.. Көп! Ойлап шеш!
Әлі де қанша тұрмақпыз.
Бір-екі жыл ма, мың жыл ма?
Жауаптымыз екеуміз.
Кисетім деп қынжылма...

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Мықты бір неміс айлалы,
Тұрды ызғарлы кескінмен,
Табаны бейне тағалы,
Қорқар емес ешкімнен.
Лықия тойған, қырынған,
Түгін тартсаң май шыққан,

Ұйқысы қанық, жылынған,
Керегін тауып жат жұрттан,—
Періп кеп қалды Теркінді,
Періп кеп қалды шықшыттан;
Орыстың киген қолғабын,
Қу сүйек ауыр қолымен,
Соғып қалды ол залым...

Өліммен ойнар кез емес,
Кірістің екен,— төбелес;
Теркин сезді өз әлін,
Қайраты оған тең емес.
Соғыстың бар ғой өз заңы:
Шегіне қалсаң, тая біл,
Қорғанып жатсаң бір сәрі,
Шабуыл болса,— аш ұмтыл,
Сақ етіп тиді немістің
Жұдырығы шықшытқа;
Сол кезде келіп жалма-жан
Қондырды Теркин тұмсыққа.
Алғашқы тамған қызыл қан
Аппақ қарға сіңгенше,
Қондырды неміс тағы да,
Қондырды ол да білгенше.
Ұстаса түсті шаппа-шап,
Оқ атар кезің бұл емес,
Мұндайда керек тек пышақ,
Автомат деген түк емес.
Сілтесті келіп екеуі,
Көрсетіп барлық күштерін.
Теркин де айла етеді,
Сау қалса деп тістерім.
Шықшытын қорғап жүргенде
Тұмсықтан ұрып кетті жау,
Сақ етіп келіп тигенде
Ойлады Теркин — япырмау,
Теріске ісім айналды,
Не болам енді, хал мынау?
Жеңіл денем анадай
Ұшып түсіп, қалдым-ау,—
Сасса да Теркин сол кезде,
Сылқыйта соғып бір өтті,
Сылқыйта соқты, иықтан—
Шыққандай қолы боп кетті,

Шықса шықсын бір қолы
Сілейте соқты бір жолы;
Қайтпаса да тіс хақы —
Сілейткенін білді өзі,
Қойды енді көруді
Немістің де бір көзі.

Төбелес аты төбелес;
Жәй ойын емес, ұмытпа.
Немістің де бетіне
Қонды қызыл жұмыртқа.

Дұшпанның мынау тұрысы,
Мүңкіп шыққан аузынан,
Қандай сасық иісі.
Түкірді Теркин жирене,
Иісі неткен сасық бұл!
Сасық жуа жеген бе
Денсаулық үшін пасық бұл!?

Осынша қайда асықтың,
Қатының бар ма бұл жақта?
Жұмыртқа жеп, сүт ішіп,
Баспақ па едің қылжаққа?
Құрметтеп бізді келдің бе?
Әкел дейсің, кімсің сен?
Итініп неге жүрсің сен?
Қатындарды мазалап,
Босаға бакқан, кім едің?
Аяғыңды тазалап,
Адамша неге кірмедің?
Кемпірге күшің жете ме?
Әкел дейсің, кімсің сен?
Әкеңнің құны жок еді,
Кім саған барын береді,
Россияға кеп тімсінсең?

Сорлымысың жарымжан?
Адамбысың тіл білер?
Адасқан соң жолымнан
Қоналқаға келдім дер...
Жақсы адамға жан игі,
Мықтылығың өзіңе,
Кімдер сірә бас иді,

Сенің құрған тезіңе.
Кім әкесі, кім ұлы,
Жұмысым жоқ, кімсің сен?
Не қылайын сыртыңды,
Адам емес, сұмсың сен!—

Жүр екеуі қандасып,
Бірін-бірі ала алмай.
Ызалы көзбен қарасып,
Арбасып тұрған аңдардай.
Ертегі ескі соғыста,
Жекпе-жекке шыққандай,
Қайсысы жеңсе, сол жағы
Бар соғысты ұтқандай.
Шайқасты бұл екеуі,
Ескі қыстақ жұртында,
Самолет, танкі, зеңбірек
Екеуінің сыртында!
Істері жоқ қырғында,
Естімейді еш нәрсе,
Вася Теркин тұр мұнда,
Соғыс ашып өзінше
Ессіз қалған үйлердің
Ескі жұртын жаңғыртып,
Майдан ашып Теркин жүр,
Ыза буып, қан жұтып;
Қандасып жүр ер жігіт,
Отқа салып бір басын.
Қарап, көріп тұрғандай,
Бүкіл Отан тұлғасын.
Стан емес, бір рота,
Көрсен екен-ау қимылын.
Салып-ақ жүр өнерін,
Салып-ақ жүр бұл бүгін.
Өкпелейтін Теркин бе!
Көрсін мейлі, көрмесін.
Өлімге бір басқан соң
Қоя тұршы өңгесін.
Қайсарлықпен қандасып,
Теркин майдан жүр ашып.
Өттең ғана оң иық
Шыққандай боп қалды ұйып.
Көтертпейді оң қолы
Кетер ме енді жауда ұпай,

Өттең шіркін бұл жолы
Болар ме еді солақай.
Соғысып-ақ жүр шіркін
Қан мен тері тамшылап.
Қалжырады ер Теркин,
Жауы да жүр қансырап.
Баяғы сән бойда жоқ
Бет-ауызы шиедей,
Ақыл да жоқ, ой да жоқ,
Неміс те жүр бір дүлей.
Болды екеуі қан жоса,
Қыза түсті төбелес.
Неміс сонша өр болса
Теркин де одан кем емес.
Сен ит болсаң, мен де итпін
Сайтан болсаң сайтанмын.
Бірінші сорт мінезім,
Өнерінді байқармын,
Сыпырып ал терімді,
Ит болайын, түк емес.
Жүз өлімге түкіргем,
Бір өлімнің жүк емес.
Сайтан-ақ бол сен шырақ,
Бірақ менің сайтаным,—
Бір жүз есе мықтырақ,
Оллаһи, шын айтамын.
Аяма, соқ, тістендім,
Өлсем де ала өлемін.
Істерімді істермін,
Қорқытпайды мені өлім,
Әлің жетсе алып ұр,
Сен де мені аяма!
Өлтір мені, буындыр
Құшағыңды аяла. -

Ах! Оңбаған сен неме,
Каскамен ұрғың келе ме?
Неткен жауыз халықсың.
Жақсы-ақ, дұрыс, тауыпсың.
Деді де Теркин долданып,
Ызасын, күшін қолға алып,
Оқталмаған гранатпен,
Солақай соқты толғанып.

Гранат тиді шылқ етіп,
Түсті неміс сылқ етіп.

Ағыта тастап жағасын,
Отырды Теркин қар асап.
Алқына демін алғасын,
Тіріле берді бір жасап.

Барлауға барып, ертемен,
Қайта оралсаң есен-сау,
Іс тындырып келсең сен,
Сірә дә, достар, тым жақсы-ау.
Басып совет жері үстін,
Қайтып келе жатсаң сен,
Автоматын немістің
Иығыңа артсаң сен.

Тіпті табыс „тіліңді“
Етіп алып бір жүрдек
Үш адым алда айдасаң,
Еркіне қоймай жүр-жүрлеп.
Қарсы яки көлденең,
Кездескенің бәрі дос,
Болсаң да бұрын көрмеген,
Сен қайтқанға көңлі хош!

Жөнімен бәрін баяндап,
Тапсырсаң баппен олжаңды,
Тамаққа тартсаң аяндап,
Тоя бір ішсең сорпанды.

Молырақ құйып күштіні
Старшинаң тартқызса.
Орының болып пеш түбі.
Ұзағырақ сені жатқызса!
Соғыс қой әлі біткен жоқ,
Сол да майдан, онда да.
Боранды түнде нөсер оқ,
Февраль жатыр долдана,
Ғаламат соғыс, қан соғыс
Дүркіреп жатыр долы қыс,
Даңқ үшін емес бұл тегі,
Тіршілік үшін жердегі.

АВТОРДАН

Жүз бетін жаздым кітаптың
Өлі де жатыр жол ұзақ.
Тоқта, бауыр, мұрсат бер,
Тынығайық азырақ.
Жадында сақта мынаны:
Ұзақ соғыс ертегі,
Кеш айт яки ертелі,—
Жаныңды мезі қылады.
Танк туралы, оқ жайлы,
Аяз жайлы, қар жайлы,
Жер үй, шұлғау, темекі.
Кімдер мұны тыңдайды...
Балықшыға бұл күнде
Ау жайынан жазады,
Пешшілерге қайдағы
Балшық жайын қазады.
Орманшыға — ағашты,
Наншыларға — ашытқы,
Жылқышыға — ат жайын
Жазатын бір заң шықты.
Генерал мен солдатқа
Соғыстан берер талшықты
Соғыстың — соғыс екені
Түсінікті. Алайда,
Мәселе сол соғыстан
Жау жеңіп қайтсақ қалайда.
Есесін жаудан қайтарып,
Қайтса адам үйіне,—
Сонда ол соғыс туралы
Ертеқ тыңдар сүйіне.
Арқамен нені көтерді,
Аяқпен қанша жер жүрді,
Қолымен нені ұстады,
Көзімен ол не көрді,
Тағыда нені көрешек,
Көрсетер оны келешек,—
Соның бәрі сол күнде
Жыр боп қонар көңілге...
Қопарсын күрек тондарды,
Тапасын танк орларды,
Бұрқылдат, бомба, гранат,
Жарқылда найза көк болат!

Соғыста бейбіт әңгіме
Тындауға құмар әр солдат.

Оқушым — досым, таласпан
Соғыстан өмір сүйкімді.
Соғыс бір теңіз тулаған,—
Бөгетті тебе іркілді.
Жалғыз ғана айтарым;
Соғыстың бетін қайтарып,
Босатып туған Отанды,
Жеңіспен үйге қайталық.
Жатқанда жаудың қолында
Туған жердің бөлегі,—
Соғыста соғыс туралы
Жырлағым менің келеді.
Үзіле тұрсын әзірше
Бейбіт өмір өлеңі.
Тағыда не бар айтатын?
Айтылды білем бәрі де.
Жауынгер жайлы кітабым,
Жазамын соны әлі де.
Бас-аяқсыз, сюжетсіз
Жазылып жатыр бұл кітап,
Жалғаны жоқ, ретсіз,
Бұл кітабым шын кітап.
Соғыста ешбір жоқ сюжет,
Неге жоқ?
—Жоқ сол, ғафу ет.
Мерзімді қызмет атқартар,
Әскердің бар өз заңы.
Қонақ емес солдаттар.
Қызметі — еңбек қылғаны;
Жат десе ол — жатқаны,
Тұр десе ол — тұрғаны.
Соғыс екен, соғысқа
Сақылдап солдат енгені.
Алға!— десе — атойлап,
Ол, десе бұйрық — өлгені.
Соғыста бір күн, бір сағат
Бұйрықсыз жүрер қай солдат,
Бұйрықсыз үйден шықпайды,
Бұйрықсыз шұлғау сықпайды.
Әйел сүймес, жар алмас,
Заң бұйырмас ондайды.

Графтарша бұрынғы
Ғашықтықтан шет елге
Кетіп қала қоймайды.
Бір құдықтың басында,
Не оңаша қорада,
Біздің жігіт біреумен
Кездесті сол арада—
Деп біз жазсақ, ондайды
Есепке алып бола ма?
Тағыда бір сөз айтайын:
Батырым аман келеді.
Сондадағы кім білед
Жынды осколка немені.
Байқаусызда тап болып
Тиіп кетсе арам оқ,
Өміріңе бір ноқат
Қойып кетсе,— амал жоқ.
Ашулы жел алдыңнан
Өмірді талдай иеді,
Әр сағат әм әрбір күн
Жолыңа хатер үйеді,
Кім айтар бәрін, кім тыңдар
Кім болжап алдын біледі.
Сұрапыл соғыс ішінде
Айырылысып қалғанша,
Досым жайлы жырлайын,
Жырлар екем мен қанша.
Баяғы әуен бір сарын,
Көп әлі менің қосарым,
Орағытып келем ғой.
„Зенбіректер артымен
Соғысқа енер” деген ғой.

„КІМ АТТЫ?”

Кешегі соғыс тыншықты.
Болаттар суып, кепті тер.
Иісі жаздың бұрқырап,
Балбырап бейбіт жатты жер.
Жарты шақырым жатыр жау,
Санаулы әрбір қадамың.
Майдан. Соғыс. Ғажап кеш
Жапты кеп үстін даланың.

Кешегі жорық жолымен,
Қиялың жетпес іздермен,
Тапталған көгал үстімен,
Келді бір сол кеш біз көрген.
Жылжыды жайлап сол бір кеш
Қазылып қалған жерлермен,
Жыртылып қалған жырамен,
Қуарған, күйген дөңдермен...
Майдағы ұшқан қоңыздың
Естілді үні сол шақта,
Баяғы таныс нәзік үн
Сүйкімді тиді құлаққа:
Отырған сұп-сұр окопта,
Көк каскалы ерлерге,—
Сол бір баяу нәзік үн
Көп әсер етті сол жерде:
Еске бір түсіп бейбіт кез
Жүректер тулап кетті ілез.
Майдан. Соғыс. Дариға,
Баяғы бейбіт күндер-ай,
Жіберіп атты өріске,
Құратын думан түндер-ай
Биден соң шығып аулаққа,
Орманды кезіп жүретін,
Шығарып қызды үйіне,
Жолшыбай жайлап сүйетін,
Көп күтіп шешем қалды деп,
Асыға үйге қайтатын,
Қызықгы өмір, бейбіт шақ,
Дариға, сол бір қайда түн!?

Кенеттен тағы гүрс етті,
Қат-қабат шықты қаһарлы үн,
Жан-жүйенді тітіретті,
Қалш ете қалды қара түн.
Әдетте бұл үн естілсе—
Шоферлер қатты сасатын,
Майданның жалпақ жолынан
Бытырай келіп қашатын.
Жаңғырып керней даусындай
Құлаққа сол үн келгенде
Қашайын десең хақың жоқ,
Қызықтай қадал, ен жерге.
Табжылма жатқан жеріңнен,

Дауылдап жатса тұла бой,
Белгілі мәтел бойынша.
Бұл ең кіші сабан той.
Сақылдап тисе тіске-тіс,
Аузын басып жатты ерлер
Әдетте мұндай кездерде
Шешендер шыға сөз сөйлер.
Қамқорлық жасап білгішсіп,
Ақылын айтар, ағытар:
Көрерсің, дейді, ол қазір
Өмірді саған танытар.
Танытар саған өмірді!
Гүрілдеп төнді самолет.
Әркімнің тұрды аузында,
„Жат!„ деген бір сөз сол мезет.
Сол сөзден, сірә, күшті сөз
Аузыңа сенің түспес тез...
Өлімнің аты өлім ғой,
Көп-ақ қой оның себебі,
Бірақта, құрбым, соғыста
Қай мезгілде өлгің келеді?
Жазды күн жан-жақ құлпырар,
Ғажайып рахат орнайды, —
Өмірге адам ынтызар, —
Жазды күн өліп болмайды.
Елестеп өлім күздерде
Ұйқыға кетер табиғат.
Лас окопта, сыз жерде
Өліп бір жатсаң... тым ұят
Қыстағы тас боп қатқан жер
Қаздырмас саған оп-оңай.
Бастырса үске тоң үйер, —
Қыста өлмейік, қой ойбай.
Көктемде өлсек болмас па?
Көктемге келсең, сөз басқа:
Жазда өлуге болмаса,
Күзге көңілің толмаса.
Қыста өлуге сескенсең,
Әуре болма онда сен,
Көктемде өлім келмесін,
Өлмесін адам өлмесін.

Сонда да бүгін жуасып,
Жатырсың, міне, жер құшып,

Өлімнен бұғып, сескеніп,
Бой жаза алмай, бүктүсіп,
Жыйырма жасар жас жігіт,
Жатырсың бұғып етбеттеп;
Бітссің ғой сен көзір,
Өлім саған жетті ептеп.
Бетінді басып қолыңмен
Жатырсың, бәрін ұмыттың.
Алыстап кетті, алыстап,
Ат жайып жүрген тұнық түн.
Сақылдап өлім тұнып тұр,
Қызық қайда, кеш қайда,
Алыстап кетті о, құрғыр,
Ұмытпас оны ес қайда,
Туған мекен үй қайда,
Жақын қайда, дос қайда...
Жоқ, жауынгер, жарамас,
Өлімге бұлай бас ұрма,
Арсыз ажал қыйқағын
Басыңнан бүйтіп асырма,
Тәртіп солай, заң солай,
Өлімге тіке қарсы жүр,
Ақың бітер болсаң сен,
Бетіне оның бір түкір...

Ойыншық емес, соғыс бұл.
Жағдай кенет өзгерді:
Бір жауынгер мылтықпен
Самолетті көздеді.
Березент баулы винтовка,
Темірді тесер оғы бар,
Шын мергеніне кездессе
Самолеттің соры бар.
Теңдесі жоқ тез майдан,
Келді сәті, келді рет,
Қайықтай боп қыйсайған
Шайқалды кеп самолет.
Теңселді кеп, айналды,
Кібіртектеп, әл кетіп.
Енді ажалың таялды,
Құла жерге сау етіп!
Бүлдірдім-ау дегендей
Қарайды жігіт үрейлі.
Көреді көзі, қап-қара

Қос моторлы дүлейді.
Әскери, болат самолет,
Гүрс ете түсті сол мезет,—
Жерге кіріп кетердей,—
Америкаға өтердей.
Тесе алмады жер шарын,
—Қарашы мұның нашарын.
—Кім еді атқан, кім атқан?
—Қай жерден жатып құлатқан?
Сұрап жатты генерал
Телефон соғып штабтан.
Табыңдар дереу сол ерді,
—Кім еді атқан?—

Кім атқан?

Еске алып туған-туысын,
Окопта бұғып жатпаған,
Отаны үшін,
жері үшін,
Солдатша міндет ақтаған,
Зеңбірек көкке атпаған,
Ұшқыш боп көкке ұшпаған,
Қатарлы ердің бірі еді,
Қолына мылтық ұстаған.
Ұяла қарап тұр топқа,—
Қысылады бір түрлі,
Кінәлі адам сықылды,
Жұрт оны жатыр құттықтап.
Мінеки,

бақыт болды тап,
Оп-оңай олжа табылды,
Төсіңе орден тағылды,—
Деді оған бір сержант.
Теркин сонда сөйледі:
Біткен жоқ неміс құзғыны,
Қайғырма,

досым, сен,—деді...

Осы қалжың-мәтелі
Кетті тарап жан-жаққа.
Василий Теркин ілінді,
Батыр деген атакқа!

БАТЫР ТУРАЛЫ

Наград тағы сөз болып,
Кеткендіктен, достарым.
Мақұл болар мына бір
Әңгімені қосқаным.

Талай күнді өткізіп
Госпитальда жатырмын.
Менімен бірге, жанымда
Жатқанын көрдім батырдың.

Жас екен толып жетпеген,
Ернінде сүті кеппеген,
Ішімнен қатты қынжылдым,
Бала да озды-ау, деп, менен.
Әңгімеге келген соң
Балаға, жатып дедім мен:
Боларсың менің жерлесім,
Қай арадан келіп ең?

Өзіңіз қайдан едіңіз?—
Деді маған батырым.
Смолендік жеріміз,
Боларсын, дедім, жақыным?

Ыршып басын көтерді,
Сөзімді көрмей орынды:
Каталасып кеттіңіз,
Тамбовтанмын деді де,—
Үндемей қозғап бір қойды,
Төсіндегі орденді.

Смоленнің елінде
Туа қоймас ұл мендей,
Менің туған жерімде
Қасиет бар, дегендей.
Тамаша өзен, көлдері,
Жерін кілем жапқандай,
Дөңдері мен белесі
Қоңызы мен кенесі,
Қызығына батқандай.
Васька Теркин қол созды
Жетпейтін жерге өресі,—

Деп мені батыр мазақтап,
Көрінді сонда жатқандай.

Ойы осы ма, басқа ма —
Оған көзім жетпеді.
Туған жерім өзімнің
Алдына келіп көзімнің
Қабырғалы ел емес,
Терезесі тең емес,
Жетімдей болып кеткені...
Айтуға тілім келмей тұр,
Қорлықтың сондай өткені.
Асқақтықтан аулақпын,
Мінезіме сенемін,
Бірақ, менің өзіме
Орден берген кезінде
Сол жігіт түссе көзіме:
— Айтқаның жалған!— дер едім.
Жерлес бол деп, не етейін,
Өзімнің жерім кем бе онан?
Тамбовтан болсаң,— қайтейін,
Смолендік мен болам!
Тексіз туған жан емен,
Ескерілмей жүретін.
„Смолендік сыбызғы“
Деуші еңдер ғой сіз бізді.
Біз сол — сендер күлетін.
Бекер мақтап елімді,
Ойым жоқ босқа тасатын.
Аралап шықсаң әлемді,
Смоленнің шалынан
Сырнайшы жоқ асатын.
Ақ сақалы желбіреп,
Үрлейді, күйге салады.
Кетеді жүрек елжіреп,
Бойыңды билеп алады...
Әнді шырқап ертеді,
Айтпаса да сөзімен,
Махаббат күйін шертеді,
Домалап жасы көзінен.

Сол бір ескі күй үшін
Сыбызғыдан тараған,
Алыстағы еліме

Жүз рет жаяу бара алам.
Орденді қажет қылмаймын,
Атақты аңсап нетемін.
Отанымды қыймаймын,
Қадірлі туған мекенім.

ГЕНЕРАЛ

Әлемді соғыс жартылап,
Естілгелі үн зарлы,
Екі жылға жуық тұр,
Беліне елдің оралып
Белбеудей майдан буып тұр.
Ладога мен Дон қайда —
Донға да сол күн туып тұр...

Жегулі аттар күзде тұр,
Ауыздықпен су ішіп,
Тістерін мұзға тіреген.
Бір жерде алма тұр пісіп,
Бір жерде моряк көйлекшең,
Пулеметін сүйреген...

Қаланы бомбы езгілеп,
Кемелер баты теңізге,
Танкілер тауға өрмелеп,
Ұмтылды бәле Волгаға...
Қорғаудағы кезінде
Өзінің участкесінде,
Жатыр Теркин жалаңаш
Арқасын тосып шұғлаға.

Өз үйінде жатқандай,
Ойында жоқ ештеңе.
Майданның бойын қуалай
Аралап қалың шілікті
Ағады өзен кішкене,
Жігіт соған келіпті.
Көйлек пенен шалбардың
Кірін жуып кептіріп
Күн көзіне іліпті.
Қара жерді бауырлап
Созыпты қолын ілгері.

Кім біледі,
дамылдап
Жыл бойына кірпігін
Осы болар ілгені.

Орналасқан мекені
Өзеннің жайпақ жиегі,
Су қозғаса шөптері
Аяғына тиеді.

Түбіндегі тастарды
Жуады күліп, сыбырлап,
Ұйқыда жатқан кісіге
Тұрғандай біреу жыр жырлап.

Аяғымды малайын,
Өзенім қайда ағасын?
Менің туған жеріме,
Мүмкін жолдан соғарсын.

Тікенекті сымдардың
Арасынан өтерсің,
Менің туған еліме
Жолдан соға кетерсің.

Күзеті мен окобын
Немістердің аралап,
Зеңбіректі көмулі
Өтерсін жылжып жағалап.

Тап осылай ағарсын,
Өзіңе тән жолменен.
Атты, жаяу кісілер
Бөгет болмас көлденең.

Айналыс жолдың бойымен
Туған елге жетерсің.
Солдат тұрған көпірдің
Астыменен өтерсің.

Саған келіп мұндасар
Жауынгердің анасы,
Меңдеткен басып қайғы, зар.
Жас болып көздің шарасы.

Алыстан келген кішкене
Өзеннің суы сылдырап,
Балаң аман, келмеді-ау,
Құлағына сыбырлап.
Ыстық пенен суыққа
Шынығып алған батыр, де.
Жаралады, ұрды жау,
Сонда да әзір тірі, сау,
Демін алып жатыр, де...
Қара жерді жастанып,
Көз шырымын алды ма,
Әйтеуір кетті оянып,
Құлағы сөзді шалды да:
Жүгіре жортып жет, Теркин.
Генералдың алдына!

Келіп тұр екен хабаршы,
Көзін ашып амалсыз,
Деді Теркин: — Немене,
Киім кимей денеме,
Көйлек, дамбал, шалбарсыз,
Генералдың алдына
Бар деуің жөнге келе ме?
Күліп, қалжың еткенмен,
Ойына қорку түсті де,
Киімдерін кеппеген
Іле салды үстіне.

Қозғалмастай орнынан
Жабысты киім денеге...
„Киін, Теркин, бол жылдам...
Көп болса жұмсар жорыққа,
Әйтпесе жердің бетінен
Қуар деп мені қорықпа...

Кишіп әбден алған соң
Сыр білдірмей күлсе де,
Генералдың, барған соң
Сабамасын білсе де —
Генералдың үстіне,
Кіріп бару оңай ма?—
Білдірмей Теркин кісіге
Шоқынар еді ішінен
Құдай болса — құдайға.

Генералдан батырдың
Қаймығатын жөні бар.
Айналасы жыйырма
Жыйырма бес, қырық шақырым
Билейді жерді генерал.

Қаймығу айып бола ма,
Генерал біздің жоғары,
Шеніне де қарама,
Орденін де санама,
Жасымен де ол аға
Бәрімізге болады.

Ботқаға тісің өтпеген,
Столға бойың жетпеген,
Уақытыңда нәресте,—
Взвод пенен ротаны
Атақаға апарып
Жүрген батыр емес пе.
Тар жерде қыйын қыстауда,
Соғыста, жаудың алдында
Ердің ері сыналар —
Сонда әкең де, сотың да.
Калининнің, Цекаң да,
Бастығың да, заңың да —
Жалғыз осы генерал.
Әкеңнің атын естісең
Генерал өзі атаған.
Майданда, досым, білгейсің,
Арым деп адал ақтаған.

Қатты қысып ол сенің
Ұстаса келіп қолыңды —
Болғаны еткен еңбегің
Көңіліне қонымды.

Бауырым, жігіт екенсің,
Жауынгер, жаудан кек алар,
Бүркітке нағыз сен теңсің,—
Дейді саған генерал.

Жұрттан асып иінің,
Іс істепсің, кел бері,
Жұпыны-ақ болсын киімің,

Соғыс әлі біткен жоқ,
Сәнденер күнің ілгері;
Бүркіт болсаң — бүркіт бол,
Жігері жалын — жігіт бол.

Ер, мынаны есіңе ал,
Белінді берік буынып:
Орден берсе генерал
Бергендей көр өзінің
Кеудесінен суырып.
Жауынгердің төсіне,
Орденді өзі қадады,
Сұлу мұртын бір сипап:
Бауырым,— деп Теркінді
Арқасынан қағады.

Кетейінші ескертіп,
Шықпай тұрып ойымнан.
Генерал мұртын өсірсе
Демеңдер сәнге қойылған.

Қан майданның өзінде
Не салтанат кезінде,
Сыйпаса мұртын генерал
Тегін емес, мәні бар
Ие...— деген сөзінде.

Әдет бар ғой бір өзге
Бойға сіңген соғыста.
Чапаев мұртын бір кезде
Сылаған жоқты құр босқа.

Көшейік сөздің өзіне,
Наград алған жігіттің
Толмағандай көңілі
Сияктанып көрінді
Генералдың көзіне.
Қайтсін, жаны бар адам,
Екі жылға қараған
Бұл соғысқа кіргелі...
Винтовкамен күнде жұрт
Самолет жығып жүр ме еді.
Жігіттің жәні өзгеше,
Қорқақты бос мақтама.

Үйіңе, Теркин, ендеше
Барып кел бір аптаға...

Сенбеді ме, сенді ме,
Ұқты ма Теркин бұл кепті?
Әйтеуір төмен созулы
Тұрған қолы дір етті.

Ыңғайланды күрсініп,
Теркин жауап беруге:
— Жеті күн, жолдас генерал,
Аз ғой барып келуге...—

Генерал түсін суытып;
Аз дейсің, себеп не?—деді.
— Себеп қазір жол ауыр,
Әйтпесе жақын жер еді,
Жүріп кетсе жететін.
Ендеше неге егестің?
— Зымп етіп етіп кететін,
Аққан өзен емеспін.
Келмейді күндіз орайы,
Айнала қара құлақ қой.
Түнде жүрген қолайлы,
Түн шіркін бірақ шолақ қой.

Басын изеп генерал,
Деді:— Ендеше білемін.
Сонымен тамам дем алыс,
Үйіңе барсаң жол алыс,
Қайтарда қалай келесің?
— Онда да түнде жүремін,
Елімнің қалың орманы,
Әр бұтасы — әм таныс,
Ешкімге мені көрсетпе :
Жолдарын білем қалтарыс.
Бороздасы, межасы,
Бәрі таныс жерімнің,

Мен — Смолен баласы,
Еркесімін елімнің;
Жат болған соң өтпеді
Тұмсығы неміс перінің.
— Қалжыңды қой, үндеме,

Кетші маған білдіріп...—
Деп генерал бірдеңе
Ойлап қалды кідіріп.

Жылы жүзбен қарады,
Жауынгердің бетіне,
Екі басып қадамды,
Келді столдың шетіне
Қыстағыңды картадан
Көрсетші, қайда қалып тұр,—
Бастығының сыртында
Теркин өте қысылып
Демін эзер алып тұр.

Көрсетейін, орны бар,
Днепр мынау, үй мынау...
Нүкте қойып генерал
Деді:— жаным Теркин-ау,
Жалғыз жүрсең қауіп бар.
Сабыр қыл маған бер мұрсат,
Жолымыз біздің бір-ақ жол.
Дем алысқа рұқсат,
Есінде сақта, уәде сол.

—Ұқтым!—

Деді жауынгер,
Жақсы!—
Деді тағыда
Жүре бере бұрылып,
Бірдеме ойлап кідіріп,
Қалды, есікке барды да.
Генерал мұртын бұрады,
Орнынан тұра келді де,
Жауынгерден сұрады:
— Бірдеме дегің келді ме?

Картаға қарап бөлмеде
Қолын қойып, сөзбенен
Қанша адамды өлімге
Жіберді көрмей көзбенен

Қайтесің, бәрін көрмейсің,
Бәріне бара бермейсің,
Қоштасарда жекелеп

Жүзін көріп келмейсің.
Бауырыңа басуға,
Қол беріп құшақтасуға,
Аттарын атап қайтуға,
Жол болсын деп айтуға,
Біраз минут кідіріп,
Қалжың айтып күлдіріп:
Ауыр жол, бірақ көңіл тоқ,
Келерсіңдер қыдырып...
Деп жүретін уақыт жоқ.
Қай генерал болсаң да
Бәрін қамтый алмассың.

Ұмытпады дегенмен
Оңаша келген біреумен
Қоштасуды генерал
Реті келіп қалғасын.
Екеуі жайды құшақты,
Генерал бірі, бірі ер,
Генерал — ұлына ұқсатты,
Әкесіне — жауынгер.

Есіктен шыға жол жатыр
Жеріне оны апарар.
Жету үшін ол батыр
Қан майданды қақ жарар.

ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Көптен кеттім үйімнен
Еліктіріп жол ұзақ.
Көп болса да шығыным
Қасіретімнің қайыры
Көрінді жорық жалғыз-ақ.

Көп жылдар шегіп мұңымды.
Жүрсем де қауіп, түнекте —
Үйімді, бала күнімді
Сақтап жүрдім жүреkte.

Оңай ед ойлап көруге,
Қызықты өткен өмірде

Балалармен орманға
Барушы ем өрік теруге.

Орман онда бүтін ед.
Оқ, жарықшақ тимеген,
Денесі сау ед жарадан.
Кесілмеген, күймеген.
Аман ед балта, арадан.
Фугас түсіп қопарып,
Шарпылмаған жалынға,
Сынығы гильза, касканың
Көрінбейтін маңында.

Блиндаж қазып кетпеген,
Жоқ еді қора, үй деген.
Өзіміз мекен етпеген,
Жаудың қолы тимеген.

Орманда, бала шағымда
Бұтақтан күрке тоқығам.
Бір бұзауым жоғалып,
Таба алмай іздеп шошығам.

Июнь айы іші еді,
Жапырақтар гүлденген,
Күн нұрына бөленіп
Құлпырған талай түрге енген.

Жапырақ пен жапырақ,
Құшақтасқан, біріккен.
Тазартып тозаң, топырақ,
Жаңбырға тұңғыш іліккен.

Жаз еді қандай тамаша,
Шырын тамған бұтақтан,
Шайырланған балауса,
Құлпырып аймақ гүл атқан.

Қарағайдың ішінде
Шоғырмақ сағым қалқыған.
Құмырсқаның исіне
Араласып шараптай
Маужыратып аңқыған.
Ыстықтан құстар қорғалап,

Шайыр жерге таматын.
Қарағайдан сорғалап,
Көз жасындай ағатын...

Туған анам сияқты
Орманды ата қонысым.
Бала күнгі мекенім,
Жоғалдың ба, әлде солмысың?

Өлгенше жаным сүйетін,
Балалық күнім сол өткен,
Балалық түстер тамаша
Жүрекке ізгі нұр сепкен.

Бір жыл бұрын осыдан
Көңілім соқса болғаны,—
Көз алдыма келушед
Көргендерім сондағы.

Ойласам еске түсетін,
Тұнық су мен ыстық құм,
Құдығым су ішетін,
Жолдағы жатқан қызыл құм.
Кітабым қырда оқыған,
Аспалы баулы шыбыртқым,
Қағаздары қоқыған,
Мектептегі глобус.
Мұғалім Иван Ильич
Қолына ұстап отырған...
Билет сатып алуға
Кедергі жоқ ед көлденең,
Жазда жетіп баруға
Жеріме, он жыл көрмеген...

Қарт анаң еркелеп
Аунап-қунап кетуге —
Қажетсіз еді өрмелеп
Немістер құрған сымдардың
Астымен бұғып өту де.
Көкте жатып тынығып,
Елдің дәмін татуға,—
Қажетсіз еді тығылып,
Орманды кезу, жату да.

Ағайынмен табысып,
Айтуға талай кеңесті —
Қабырғаға жабысып
Үрейленіп ұрыдай
Қорқу да қажет емес-ті.

Орманды өлкем қарт-анам,
Жауда қалған мекенім,
Күн кеспеймін, мен барам,
Барамын даңғыл жолменен

Із тастамай, жалтармай
Барамын даңғыл жолменен
Өзіңнен туған мен балаң.
Барамын қалың қолменен,
Жеңіспенен бір барам.

Алыс емес ол сағат,
Екеуімізге тез келер,
Бұл арада оқушым:
Өзін айта береді,
Ер қайда?— деп өкпелер.

Тым орынды өкпеңіз,
Тыйым салар бұл маған.
Шынын айтсам, сөкпеңіз:
Өзімді айтсам қайтеді,
Емеспін бе мен де адам?

Бұл жерде кінә жоқ маған,
Қажет емес қарсы дау.
Екеуімізді талаған,
Мазақтаған жалғыз жау.

Жаныма батқан жара бар,
Кекке күйіп барамын.
Әке, шешем, туғаным,
Бауырларым шегіп зар
Аржағында қалып тұр
Осынау шекараның.
Жаныма қайғы салып тұр
Ауырлығы жараның.

Өмірдегі сүйгенім,
Жүрегіме түйгенім

Осынау шекараның
Аржағында қалып тұр.

Өзіңдей көр мені де
Меңіреу бәле қамаған.
Қарашығым, ардақтым
Арманырақ қалып тұр
Осынау шекарадан.

Заңсыз түскен шекара
Елімді келіп арамдап,
Бір бөлегін алып тұр,
Қысы, жазы жалаңдап,
Жалынды тілі салаңдап,
Өртеніп тұр, жанып тұр.

Жасырамын несіне,
Сыр емес айтпас кісіге:
Батырымның көп сөзін
Бұл кітаптың ішінде
Айтып кетем мен өзім.
Мен жауапты бәріне,
Ерім ғой Теркин өзімнің,
Көрерсіңдер әлі де
О да көбін айтады
Менің айтар сөзімнің.

Жерлесім еді, ер еді,
Ақындығы кем еді,
Бірақ айтқан пікірі
Маған сәйкес келеді,
Оғаштау болса оқасыз,
Оның да жоқ керегі.
Жүреді Теркин тоқтаусыз,
Автор ене береді.

БАТПАҚТАҒЫ ҰРЫС

Бүгін кеңес ететін
Ұрысымыз ірі емес.
Аңыз болып кететін
Ұрыстардың бірі емес.
Батпақты орман шілігін
Соғыс қырқып, күзеген.
Көкіректен батпағы,
Шапшық суы тізеден,
Көріп әурешілікті
Пехотаның батқаны.

Ерлердің сынық ажары,
Түнде тайып аяғы,
Бөренеден құлайды;
Зеңбірек батып қалады,
Арбалар есіп ылайды.

Басталғалы қан соғыс
Екі жылға толған жоқ.
Батпақтағы бұл ұрыс
Отанның ұлы қаласы
Москва үшін болған жоқ,
Бұл — Волганың белгілі
Емес еді қамалы,
Қопаның арғы бетінде
Борки деген әшейін
Қыстақ еді шамалы.
Соған тура апарып,
Токтайды жолдың бір басы.
Тастаған соғыс қопарып
Сорайып тұр үйлердің
Екі-үш қана мұржасы.

Алыс-жақын жерлерден
Аямай атқан қыстақты,
Көзге ілінген үйлерден
Түк қалдырмай тастапты,
Күл боп кеткен қара тас,
Аспанға ұшқан бөрене.
Орны қалған жым-жылас,
Аты Борки дегенмен
Үйлері жоқ дәнеңе.

Айнала копа, мүк, түбек,
Басқа әлемнен бір бөлек .
Жалғыз қыстақ тұратын;
Осында біреу туды деп,
Жігіт боп ер жетті деп,
Соғысқа жұртпен кетті деп,
Жан болмас аңыз қылатын.
Жалаң аяқ, жас бала,
Қыстақтың малын бағатын
Жүрмісің тірі әлі де?
Белуардан шық кешіп,
Жүгірген таң сәріде?
Соғысқа кіріп көрдің бе
Ішінде Кавказ тауының.

Сталинград шаһарын
Қорғаймын деп өлдің бе?
Қолынан кекті жауыңның?
Тыңғылықты міндетке,
Еті үйренген еңбекке
Орыстың ер солдаты,—
Замандасым, бауырым!
Білемісің көрінген
Түтіннің не екенін?
Ол Боркиің бүлінген
Ата қоныс мекенің.
Туған жерің сүйікті,
Өртеніпті, күйіпті,
Ызалы даусың алыста
Сарыны ұзақ күйікті,
Қосылады күңіреніп
„Ура!“— деген дауысқа...

Жеңіс бола қалса егер,
Істің түрі өзгеріп,
Шын күнәлі адамды
Табалмайсың тез келіп.
Зеңбірекші жігіттер
Айтады өз дәлелін:
Отынға кетіп танкілер
Бастады басын бәленің.

Танкішіге кездесіп,
Сұрасаң дәлел табады:

Пехота жатты сіресіп,
Екпіні болмай баяғы.
Ал пехота саспайды,
Бір сілтеп қолын жатады,
Дейді басын көтермей:
Бұл танкінің шатағы.

Шыр көбелек айналып,
Бірін бірі сөгеді.
Бар кінәны жыйналып,
Ұшқыштарға төгеді.
Жігіттердің міні жоқ,
Біріне бірі ұқсап тұр,
Кінәлі дейтін бірі жоқ,
Алынбай бірақ қыстақ тұр.
Мүктен құрған күркені,
Қопаны жау бағады.
Үздіксіз оқты бүркеді,
Бұған не айла табады?

Сыбағаны лайықтап
Жібереді де тұрады.
Бір көдені сен ықтап
Деп жатасын — сыртымнан
Мина қашан ұрады.

Пехотаға су өткен,
Қопаны қарғап, сілейді.
Өлсе — құрғақта өлсе екен,
Соны ғана тілейді.

Біреу етер әңгіме
Қамығып жатқан шақтарын,
Үш күндей жемей дәнеме,
Ұлып жатыр шек-қарын.

Үздіксіз жаңбыр сіркіреп,
Жөтел қысып барады,
Шылым бұрап шегетін
Газет жоқ, қайдан алады?

Темекі, оттық бәрі су
Не болмақ енді ермегің.
Сұрапылды осындай
Бар ма, Теркин, көргенің?

Шалшықта жатып күлімдеп,
Теркин жауап береді:
Бұдан да зорды, достарым,
Жігіт адам көреді.

Қыйын не бар осыдан?..
—Нанушы болса сөзіме,
Беруге айтып мен әзір.
Курортыңның өзінде
Жатқандаймыз біз кәзір.

Тыңдап жатыр басқалар,
Қалжыңшыл бұл серіні.
Әлде суық тиді ме,
Қара шие жеді ме —
Қап-қара болған еріні.
Былай деп сөзін бастады:

Жатқан жерің өз копаң,
Басқамен жоқ үлесің.
Өз взводың, өз ротаң,
Бөлімінде жүресін.

Ұят нәрсе құр өкпе,
Жағдай ма адам жабығар,
Қолыңда тұр винтовка,
Гранат белде тағы бар.
Күшіңді білмей жүрсің тек,
Құрыш қой алдың, тыл жағың,
Бронь, танкі, зеңбірек.
Батальонсың, шырағым.
Жалғызбын деп жабықпа,
Артыңда тұр ұштасып,
Россия, қалың ел:
Мен айтайын қысқасын:
Сен өзің ғой жауынгер?
Көппен жүріп білмейсің,
Мәнісін жеңіл, ауырдың.
Айтпас едің бұл сөзді,—
Былтыр көрсең бұл жерде
Көргенін біздің бауырдың.

Аяқты қозғай алмас ең,
Салмағынан шеріңнің.

Қарап таба алмас ең,
Ата қоныс мекенің —
Россия қайда екенін,
Шекарасын жеріңнің.
Қайтер ең түнде қараңғы
Даланы жалғыз аралап,
Көрсетпей жанға қараңды,
Тығылып жатсаң, колхоздың
Шөмелесін паналап...—

Басқа сөзді айтқызбай
Түршіктіріп денені,
Естілді дыбыс сарынды,
Доғадай болып иіліп,
Сорғалап төмен түйіліп,
Бірінен соң біреуі
Екі бомба жарылды...

Деді отырып бір жігіт:
—Кісінің сөзін тыңдатпай,
Бомба ит неге қағынды...
Ол солай...— деп бір қойды
Жатқан Теркин тіл қатпай,
Жарылған сайын аспанға
Бұрқырап ұшты жапырақ.
Жігіттер жатыр үндемей,
Үстеріне топырлап
Түсіп жатты үзілген,
Бұлақ пен қара топырақ.

Меңіреу бір күш меңгеріп,
Үстіңе бәле тұр келіп,
Дегендей маза бермейді,
Теркин тоқтау айтады:
Уа, саспаңдар, жігіттер,
Тимейді, дедім,— тимейді.

Төрде отырған кісідей,
Шіреніп, басын имейді.
Жарылып жатқан бомбаға
Кепіл бола сөйлейді.

Тиіп кетсе қайтеміз?..
—Тиіп кетсе — ұтылдым,

Төлеймін онда мен,— дейді,
Өңгімемді бастаймын,
Соғыстың жайын сөйлесем,
Қалжың сөзді қоспаймын;
Шөмелені паналап
Жатырсың қырда дедім ғой,
Басқасын былай тастайын

Неміс қайда?— десеңіз,
Олар тұрған үй менен
Шөмеленің арасы
Жарты шақырым жер еді,
Қозғалып қойсаң көреді,
Шөп алып қырдан қайтуға
Екі солдат келеді.
Шөмеледен сен жатқан
Шөп суырып алады.
Тізесімен түйгілеп,
Буып жатып ант атқан,
Ыңырсып әнге салады.
Нанарсындар, жігіттер,
Нанбассындар, жігіттер,
Құлағыммен естідім
„Москвам менің" дейтуғын
Әнді айтады әлгі иттер.—
Теркин аузын қыйсайтып,
Түбірге тұрды сүйеніп,
Немісше тілін бұралтып
Әлгі өленді тұрды айтып.

Барқыратып дауысын,
Бет ауызын шүйіріп,
Немістерше мұңайып,
Ызаланып, күйініп,
Теркин әнге салғанда
Жігіттердің отырған
Қалды шегі түйіліп.

—Күлесін-ау не керек,
Немістердің аузынан
Естісең осы өленді,—
Жүрегінді, дененді,
Намыс пенен кек кернеп,
Жіберер едің еңіреп.

Күлсендер бүгін, жігіттер,
Ұмытпаңдар себебін:
Биылғы жылы немістер
Айтылмайды былтырғы
Айтып жүрген өлеңін.
— Оның рас, немістің
Өлеңге тілі келмей тұр.
Олар бірақ қыстақты
Әлі бізге бермей тұр.

Сонда біреу, көріктей
Кеудесін кере дем алды,
Кім біледі жыл бойы
Жүрді ме сақтап бұл зарды.

Таңданып Теркин жақындап
Келіп тұрып жанына:
Пәлі, балам!— деп еді,
Жас баладай сақылдап
Жігіттер күлді тағы да.

Табасын Теркин ретін.
Кімге тартып туғансың,
Шешең болар білетін.—
Деді Теркин қуланып:
Мен жеңгемнен туғанмын.

Жеңгеңнен туған желіктір,
Жаудың құтын қашырып.
Бомбалансаң шығарам
Сақтап жүрмін өнерді
Соған бола жасырып.

Көп жыйнаған қорымнан
Апарсын таңдап қолымнан.
Мұныға да рахмет!
—Қой, қош, сау бол ендеше,
Жүре бер қалма жолыңнан...
Осыдан кейін жігіттер,
Бәлекет болмай оралғы,
Қыстақты алды тым оңай,
Аяққа олжа оралды,
Деуімізге бола ма?

Шыңына шығып соғыстың,
Тездетгі Теркин жеңісті,
Қасығымен орыстың
Өлтірді сегіз немісті—
Десек шынға соға ма?

Олай емес шынында:
Боркидің болған маңында
Жазды күнгі сол соғыс
Ұзақ уақыт созылып,
Талайдың батты жанына.

Ашындырған талай күн,
Шығынға кетті ұшырап.
Дер-ау мүмкін әлдекім;
Айтпағың сенің не шырақ?
—Айтпағым болған соғыс ед
Қопа менен шілікте,
Соғыс қыркып күзеген.
Кеудеден келіп батпағы,
Пехотаның батқаны.
Көрсетті әурешілікті,
Шалшық суы тізеден.
Батпақта ашып жорықты,
Қиналса да үндемей,
Еңбектеп жүріп жалықпай,
Ерлер салды ұрысты
Соғысып күн-түн демей.
Орасан көп күш жұмсап,
Зор олжа деп алғаны,—
Ростов, Харьков емес ед,
Кішкене ғана бір қыстақ
Борки деген — болғаны.

Отанның ұлы қаласы,
Астана үшін өлгендер,
Волганың қорғап жағасын
Қамалға жаны бергендер.
Борки деген қыстақта
Ұмыт болған көп ерлер—
Осының бәрі өлмейтін
Бір кітапта теңелер.
Россия — анамыз
Олардың бәрін тең көрер,

Уақыт бөтен, кез өзге,
Тереңірек қараңыз
Бір туар адам, бір өлер.

МАХАББАТ ТУРАЛЫ

Соғысқа жастар алынып,
Аттанарда әрбір ер,
Шығарып салып қамығып,
Қалды ғой сонда бір әйел.
Жас болып көздің шарасы,
Киімін буып жыйнаған,
Ұзаған сайын арасы
Сағындырған, қинаған.
Бәрінен қымбат сол сағат,
Қажеті қанша өзгенің.
Ақырғы рет бір қарап,
Жаудыратқан көздерін.
Құр атақты сал етіп,
Жүректі ыстық суытпа,
Көрініп қалған жарқ етіп
Махаббатты ұмытпа.

Жанары толы сол көздің —
Ғашықтық, наз, بازیна.
Үлесі жоқ өзгенің
Сол біздің асыл қазына..
Біз міндетті, достарым,
Соны аман сақтап келуге.
Сұраса да дос-жарың,
Болмайды бөліп беруге.
Үйткені ол — мендік, өңгеге
Ауыспайды ол анық.
Бар шығар, жаным, сенде де
Есіңе алшы ойланып.
Соғысқа жастар алынып,
Аттанарда жауынгер,—
Шығарып салып қамығып,
Қалды ғой сонда бір әйел...

Аңсайды еске алады
Сол әйелді көбірек.
Ақ сүтін берген ананы
Сағынады кемірек.

Қарғамас ана, жасында
Өзі де сүйген, жар болған.
Ғашықтық, жастық басында
Ананың да бар болған.

Бұл соғыс соғыстарының
Бәрінен біл күшті деп.
Махаббаты жарыңның
Ажалдан да күштірек.

Дәріптер, демек, айыптар,
Мадақтар, сақтар беделді.
Махаббатың еркі бар,
Болма оған кедергі.

Болса да жер үй қараңғы,
Оқыйық тағы хатты әкел.
Сағынып көңілі алаңды,
Не жазды екен бұраң бел.
Оқышы не деп жазады,
Отырған үйі жарық па?
Алды ма бала мазаны
Әлде ұйықтап қалып па?
Тұтана қоймай тамызық,
Кейіді ме отынға?
Суыққа бойын алғызып,
Басы ауырып отыр ма?..
Жалғыз ғой, жүгі ауыр ғой,
Шаршамайды дейсің бе?
Жазбағаны тәуір ғой
Сені қажай берсін бе?
Сүйген жардың ойынша
Жақсы сөз ырыс болады.
Десе — бәрі орынша,
Соғыста көңлің толады.
Әйелдер қазір жайдары,
Көп қарайды көңілге.
Мыстандар да қайдағы
Оңды боп кетті өмірде.
Күлсендер күл, мен дайын,
Көргем әйел долысын,
Мінезінен ондайдың
Көп артық қой соғысың.
Ол қатынның қасында

Отырғанша зәр жұтып,
Бомба мен оқтың астында
Жүргенің артық қан жұтып,

Көргенше күнде сүргінді,
Мыйды жеп, төбе тестіріп.
Артық қой шықсаң бір күнде
Атақаға бес кіріп.
Қостым қалжың, күлдіргі
Қалмасын деп ескіріп.
Сына, достар жүз рет —
Бұл соғыс соғыстарыңның
Бәрінен біл күшті деп
Махаббаты жарыңның,
Ажалдан да күштірек.
Анықтар нәрсе маңызын
Алдымызда тұр достым.
Қайсысы қысқа, қайсы ұзын
Махаббат пен соғыстың?
Көзбе-көз келіп көрінбей
Шынын айтып берер ем:
Махаббаты қор қылмай
Әлімше қорғап көрер ем.

Өмірді соғыс көп таптап,
Солдырса да ажарын,
Шыдады сынға махаббат,
Түсірген жоқ базарын.
Сол себепті сағынған
Алыстан келген осы хат,
Шаршаған қолмен жазылған
Бәрінен саған бұл қымбат.

Хатты жиі жазыңдар,
Сүйікті жарлар, қымбатты,
Деген сөздер мәні бар
Әйелдерге тұрақты.
Қалдырмастан жаз хатқа
Бәрін түгел ерінбей —
Генерал мен солдатқа
Наградпен ол бірдей.
Жүрсең де қиын соғыста,
Ұмытпа, жолдас, жалғыз-ақ
Соғыстың жолы тым қысқа,

Махаббаттың жолы ұзақ.
Махаббаттың байтағын,
Көретін күн келеді.
Бұлай деп неге айтамын?
Бауырым, оның себебі:
Соғысқа жастар алынып,
Аттанарда жауынгер,
Шығарып салып қамығып,
Қалды ғой сонда бір әйел.
Ашыйды жаным, батырым,
Көмекке жетпей күш еркін,
Махаббаттан махұрым
Қалып тұр Василий Теркин.

Салмады ешкім шығарып,
Жалғыз кетті жауынгер,
Тәңірі куә, бұл анық,
Сұлу қыз соны тәуір көр.
Қыз сыйлайды болса ұшқыш,
Аттыны сүйер, алаңдар.
Сұлу қыз, сенен өтініш —
Пехотаға қараңдар.
Озса да атты шабыста,
Ұшқыш самолетінде,
Жаяу әскер соғыста
Тұрады жаудың бетінде.
Танкіші көркем көрерге
Танкіші болу зор қызмет,
Соғысқа барып енерде
Пехотаға тағзым ет.
Зеңбірекші жігіт сал,
Кербез киіп жүреді.
Тасып кетпе есіңе ал,
Жаяулар істің тірегі.
Шықсаң да тегіс түгендеп,
Таппайсың артық жігітті.
Жаяуларға күлімдеп,
Үзбеңдер, қыздар, үмітті.
Жас жігітті ұнатып,
Қосыңдар жас жүректі.
Болғанша жауды қиратып,
Қосыңдар күшті, білекті.

ТЕРКИННІҢ ДЕМАЛЫСЫ

Соғыста, жолдың үстінде,
Вагонда, тар үйлерде,
Блиндаждың ішінде,
Қай жер болсын,— сол жерде,
Ең абзалы киіммен,
Бір-біріне тығылып,
Михнатсыз, төсексіз,
Шешінбеген күйіңмен,
Ала қойсаң, алты жүз
Минут қана тынығып.

Көп тынысқа залалсыз,
Соғыстағы кісіге.
Бірақ ондай алаңсыз
Тынығып алу солдаттың
Кірмеді ғой түсіне.

Айтайық, сен бір күні
Майданнан шыға келесін.
Машинаға міндің де
Жұмаққа келіп енесін.
Алдыңғы шебін майданның
Ішімен тең деп жұмақтың,—
Орынсыз айтар қалжыңнан
Бұл арада аулақпын.

Бұл жұмағым шын жұмақ,
Әдемі үй, сырлы есік бар.
Аяқты сұрт енерде,
Бөлмесі бар, пеші бар.
Керегің түгел табылар,
Жұмақ емей немене?

Кітапқа атың сыздырып,
Шешінесің, барасың,
Пешке арқанды қыздырып,
Бос уақытта, аласың.
Маңайыңды байқап ал,
Кереуетіңді қатарда,—
Сенің жайыңды ойлаған,
Ұйқы дербес сайлаған,
Барасың соған жатарда.

Бір жетінің ішінде
Бағынбайсың кісіге,
Өз билігің өзінде,
Кереуетке иесің,
Киіміңді шешініп,
Төсекте жылы көсіліп,
Тынығып, солдат, аласың,
Жұмақтан осы — тиесің.

Қатал бұйрық бойынша
Жұмаққа келіп кірген соң,
Тәртібіне көнесін,
Ұйқыдан басқа бір міндет —
Тамақ жейсің төрт рет,
Қалай жеудің мәнісін
Уақытында көресін.

Әдетті бойың үйренген
Тастау қиын, бірақ та,
Келгенінде тамаққа
Отырмайсың жүреңнен,
Оған арнап қойылған
Стол бар дербес жұмақта.

Есікті соғып иінмен
Котелок алып қолыңа,
Асханаға бармайсың,
Отырмайсың киіммен,
Қанжармен нанды кеспейсің,
Бар қыймылың есепте,
Нұсқау бар қатты тағыда:
Мылтығыңды төсектің
Қойғызбайды маңына.

Көнесін, зиян келсе де
Ескі әдеттеріңе.
Тұрарда қолды сұртпейсің
Қолбағың мен жеңіңе.

Ескер, солдат, оны да
Тәртіпті бұзып шықпайсың,
Астан кейін қоншыңа
Қасығыңды тықпайсың.

Жұмақтың барлық тәртібін
Өз көзімен көргенсін,
Мейлі,— деді Теркинім,—
Өйтіп-бүйтіп өлмеспін...

Түскі, кешкі тамақтан
Келген соң біреу сұрады:
Ұнады ма тағамы?
—Тағамы маған ұнады,
Бірақ бұдан төмендеу
Болса тіпті жағады...

Шылым шегіп, есінеп
Жатып ед, басы қатқаны:
Аппақ простинаның
Екеуін несі жапқаны?

Жатқан соң таза төсекке
Аздап еті жерінді,
Госпитальға қайтадан
Калғандай түсіп көрінді.
Сыйлап жатыр денені,
Қозғамады басын да.
Халатты қыз бөлмені
Аралап, келді қасына.

Екі жігіт бір жатқан,
Тағы үш жігіт сол жақтан,
Қызды барлай бастады.
Көпсіңдер сендер, мен жалғыз,
Дегендей болып әлгі қыз,
Бір қайырып тастады.

Теркин ептеп сығалап,
Байқап еді тұлғасын,
Нашар екен ажары,
Майданға жақын болғансын,
Көтерілген тәрізді
Бұл қыздың да базары.

Басқа қыздар жоқ жерде,
Қараңғылау бөлмеде,
Көрген адам бұл қызды
Деуі мүмкін тым тәуір,

Екі-үш күннің ішінде
Жігіттер, сірә, едәуір
Тынығып қалған тәрізді...

Тәтті ұйқы жеңіп ілезде,
Көкірек соғып жай ғана.
Па, шіркін, тап бұл кезде
Боран-ау дүлей айдала.
Жел өкпеден өтеді-ау,
Аспанда ай жылусыз.
Дүниеде бәрі ауыр ғой.
Қызмет, өмір, соғыс, қыс.

Тірі солдат соғыста
Төсекті арман етеді,
Ұйқы неге келмейді?
Бүркеніп жатса нетеді?
Жарым сағат, бір сағат
Уақыт өтті ұйқы жоқ,
Әрі-бері аунақшып,
Көз жұмды, ұйқы-тұйқы боп,
Қорылдап жатыр басқа жұрт,
Ұйқтай алар сыйқы жоқ.

Қызды ма дене тонды ма,
Әйтеуір ұйқы келмеді,
Жатқан бір адам жанында:
Ки бөркіңді сен,—деді,—
Жалғыз ғана сен емес
Талайлар байқап қараған.
Ұйқтай алмайд бөріксіз,
Келген адам жаңадан.
От пен судан бүлініп,
Жүні түскен қырқылып,
Тікенек сымға ілініп,
Тозған тысы жыртылып,
Бір жасаған өзімен
Досындай жаны сүйетін,
Тіпті өлімнің өзіне
Барарда да киетін,
Топырақ, түтін, түрлі исі
Мүңкіген бөркін киді тез,
Айтылған сөздің мәнісі
Бар екенін білді тез.

Құлағы да жылынды,
Көңілі тапты тынымды,
Ұйқы билеп денесін.
Уақыттан бұрын оянса,
Тынығып әбден алыпты.
Алысқа барып келгендей
Бойы сергіп қалыпты.

Қысы жоқ, жазы көңілді,
Соғыс жоқ, қызық өмірлі
Бір жерге барып келгендей,
Шомылғандай бұлаққа;
Тағы бар десе сол жаққа,
Айтқызбай-ақ көнгендей.

Бір етігі киюлі,
Басындағы бөркін ол
Ұмытып кетіп шешуге,
Отырды жігіт ойланып
Келген күннің кешінде.
Тамағы тәтті, үй жылы,
Коя алмаймыз кінаны,
Ұмытпайық бірақ біз
Соғыс біткен жоқ әлі,
Қайта-қайта шешіну,
Қайта-қайта киіну,
Аз уақыттың ішінде,
Ойлаңдаршы, достарым,
Соға ма оңай кісіге.

Үйреніп кетсең, жұмақтан
Шыққан соң киын соғады,
Жетер осы тыныққан,
Уақыт зая болады.
Тамағын ішіп, жыйналып,
Далаға шыға келді де,
Машинаны көрді де
Жоғары қолын көтеріп,
„Ала кет, деді, мені де“.

Төрт пұт жүгін асырып,
Ернеуінен асылып,
Орналасып алды да,
„Айда, деген үн берді,

Төбедегі тақтайын
Қойып-қойып қалды да.
Келді неше қыр асып,
Керек адам санасын.
Аз уақытқа әйтеуір
Жұмақпенен қоштасып,
Майданның көрді қарасын.

Секіріп түсті сағынып,
Оқ асты — туған үйіндей.
Айтыңдар, достар, жоқтығым
Тұрды ма менің білінбей?
Өзің сөйле тыңдайық,
Барып келген жұмағың,
Көңіліңе толды ма?

Толды, қояр жоқ айып,
Бірақ тағы сәл төмен
Жасалған болса, — тым лайық.
Тынықтым жақсы жұмақта,
Қоймайық бекер кінані,
Дегенмен, достар, бірақта
Соғыс біткен жоқ әлі.

Варшаваның жолымен
Шекараға жетерміз.
Ол араға барған соң
Еркіндеп тыныс етерміз.
Кейбіріміз сонда да
Тыныс алмай кетерміз.
Әзірше — жолдың үстінде
Вагонда, жер үйлерде,
Блиндаждың ішінде,
Қай жер болса, сол жерде, —
Ең абзалы — киіммен,
Бір-біріне тығылып,
Михнатсыз, төсексіз,
Шешінбеген күйімен
Алайық та тынығып,
Шығайық жолға шынығып.

ШАБУЫЛДА

Қорғануда тұрақтап
Көп болды әскер жатқалы,
Елдегідей шуақтап
Майданның алғы шебінен,
Өздері барып суаттан
Су ішіп жүрді аттары.
Төбеттердің үргені
Жер үйлердің жанында,
Күнірентіп орманды,
Тұратын болды естіліп,
Майданның бергі жағында.
Асыранды бір әтеш

Ергелей таңды атырып,
Комдивқа ұйқы бермейді еш
Таң сәрінен шақырып.
Сақылдаған аязда
Ыстық монша жағылып,
Бу аспанға атады.
Рақаттанып шабынып.
Жұрт жуынып жатады.

Ден тынықты мейлінше,
Бос уақытын өткізді
"Теркінді" оқып бірнеше...

Бұйрық келді кенеттен.
Демалыс бітті, тік тұрды,
Жер үй қалды аңырап,
Жігіттер алға ұмтылды.
Бір жылғы өмір бір күндей
Өтіп кетті бұлдырап.
Соғыс та көзге ілінбей
Таусылып қалар құлдырап
Тірі қалса солдатым,
Жасы ұлғайған күйінде
Кейінгіге жыр қылар
Болғанын ұрыс сұрапыл
Москваның түбінде...

Көргеніне марқайып,
Ұрпақтары жыйналса,
Қалдым демес қартайып,
Өңгімесі тыңдалса.

Кейде сыйлап шалдарды,
Жүреміз кейде сыйламай.
Болашақты, көрерміз
Уақыт бар ғой бірталай.

Соғыс қызды, ақша қар
Көк түтінге бөлгенді.
Қалың қолмен Василий
Жауған оқты ескермей
Қыстаққа қарай жөнелді.
Тура жолы бұл ердің
Өз үйіне кететін,
Осы алдағы қыстақты
Болды кесіп өтетін.

Амалы не? Біреудің
Бұдан да гөрі жолы тар.
Үйіне бару үшін ол
Жат елдің қуып сүрлеуін,
Тауға да талай жолығар...

Ыскырып ажал төбеде,
Кімді болса бүргендей,
Қарда қаптап қалың қол,
Бірдеңе іздеп жүргендей.
Жас жауынгер бұл кезде
Соғысқа бұрын кірмеген,
Жұбанады бір сөзге —
„Теркин бірге жүр" деген.
Тітіркеніп жүрсе де
От ішінде жүрегі,
Теркин бар жерде —басқадан
Кем көрінбеу тілегі.

Снаряд зулап келгенде
Түршігіп дене төзбейді,
Тастай батыр күртікке
Теркин де пана іздейді,
Жарылғанша снаряд
Жауынгер оны сезбейді.
Өзінің бағын көп сынап,
Көрген адам тұрмыста.
Қауыптан саспай, кім шыдап
Тұралар қатал ұрыста,
Сақтықта қорлық жоқ деген.

Дарытпай оқты қаптаған —
Айла-әдіспен, еппенен
Өмірін ол сақтаған,
Сырты тері, іші ет,
Жатыр адам етбеттеп,
Жуық жерде жарылған,
Әлі тірі, елі аман.
Отыр біреу ойланып,
Қырғын жерден әріде.
Сағатына бір соның
Қойылған дұрыс осында
Сағаттардың бәрі де.
Отыратын бақылап
Сол ұрыстың иесі.
Снаряд қалай атылад
Не күйде тұр атырап.
Жалғыз соның қолында
Барлық істің жүйесі.

Тасада оқты қағатын,
Төбеден құмы ағатын,
Блиндажда генерал
Суырды әлгі сағатын.

Тарс еткізіп есіктей
Сағаттың жапты қақпағын.
Көтеріп бөркін, кешікпей
Бетінің сұртті батпағын...
Стан үшін барлығын
Көтеріл. Алға тарт!— деген
Естіді Теркин жарлығын.
Талай оқып газеттен,
Ұрыста талай есіткен,
Қараса ажал есіктен,
Айтылатын бір сөздер,—
Жарды тағы құлақты
Ұғымды болып ілезде,—
Қасірет, шындық қуаты,
Тұрақты езгі күшті сөз,
Оққа бастап кіретін —
Бәріне өзі жауапкер
Екендігін білетін.

Отан үшін! Ел үшін!
Взвод! Алға! Ұмтыл! Тез!—

Ұран осы — ұлы сөз,
Қазақ, орыс — офицер
Айрылып атты қосынан,
Жаяу қап, мұнда қосылған,
Ойыншыл, биші тамаша,
Жайраңдап жүрер балаша.
Балалығы байқалған
Жаңа шыққан мұртынан —
Токтаусыз оқты жаудырып,
Взводын ертіп жүгірді
Қыстақты орай сыртынан.
Қалың қарда ең алғаш
Қалды басқан із сайрап,
Ең шеткі үйге барды да,
Мұртын сыйпап алды да
Көтерді қолын айқайлап:
Бәрекелді, жігіттер!
Ұмтылыңдар ілгері!
Чапаевтың өзіндей
Дауысы шықты жігерлі,
Жүгіре беріп мүдірді
Омбы қарға сүрінді,
Қар үстіне салынған .
Із шумағы үзілді...
Баладай болып қайықтан
Иірімге сүңгіген —
Қарға батып құлады ол,
Кісіше кенет сүрінген.
Жараланды командир —
Тарады бұл сөз взводқа.
Жүгіріп бәрі келді тез.
Көтерді ол басын сол уақта.

Алға, алға, жігіттер!
Мен жаралы емеспін,
Мен өлімін, деді ол.
Ұмыта ма оны ешкім.
Қыстақтың жақын тұр шеті,
Бақшасы мен қорасы,
Екі-ақ адым арасы,
Қолын созса тигендей,
Басқарудың реті
Өзіне келіп қалған соң
Қозғалды Теркин именбей:

Отан үшін! Ел үшін!
Ұмтыл взвод!— дегенді
Естігенде қырық, кісі
Бір кісідей жөнелді.
Соңынан кетті жүгіріп
Жолдасына сенеді...
Ұрысқа жаңа барып кеп,
Отырғанда, белгілі,
Мақсатқа жетсе көздеген,
Бірін бірі дәріптеп
Асырады өзгеден.
Танкінің жақсы қыймылы!
—Саперлер де жарады!
—Зеңбірек шіркін ежелден
Қозғалса ойран салады!
Пехотаны айт, апырау,
Қыйратып салды, не керек.
Ұшқыштар да батыр-ау!
—Қыскасы — бәрі керемет!

Жасырмай айтып берейік,
Жеңіс көздің шеліндей
Кісіні соқыр етеді,
Батырлар қаптап көбейіп,
Жалғыз-жарым кісілер,
Ұмытылып кетеді.
Сүйетін істің дәлдігін
Болсын деп тәртіп үлгісі,
Қыстакқа бұрын барды кім,
Генералдың табанда
Келді соны білгісі.

Қыстакқа кірген әуелі
Бәленшенің баласы,
Келе алмады, себебі
Ауыр екен жарасы.

Василий Теркин, деген ат
Сол күні тағы шықты ерек.
Өзі екен соның, өзі екен!—
Деп шуласты төңірек.

АЖАЛ МЕН ЖАУЫНГЕР

Қызу соғыс басталып,
Қырдан асып барады,
Омбы қарды жастанып
Қалды, Теркин жаралы.
Жентектеліп қан мен қар,
Жамбасынан өтті сыз.
Төніп келді деді ажал:
Кетейік, солдат, екеуміз.
Мен енді жаны ашырың,
Жайлы орын жақын табамын
Қармен бүркеп жасырып
Ізінді түскен жабамын.
Дір етті Теркин суықтан,
Аузынан шықты салмақты үн
—Жоғал, мыстан, жуытпан,
Мен әлі тірі солдатпын!

Тұрды ажал күліп басында:
Жігіт, тіл неге алмайсың?
Мен тұрғанда қасында,
Бәрібір тірі қалмайсың.
Өлімнің күңгірт пердесін,
Бетіңе желпіп тигізем,
Неге соны сезбейсің?
Қардан кебін кигізем;
Түсімнен түнек саспа сен
Түн қымбат, білсең бағасын..
Қалжағынды таста сен,
Жоқ қой менде аласың?—
Қаймыққандай сонда ажал,
Шегініп қалды кішкене:
Бұйымтайым сенде бар,
Артығы жоқ ештеңе...
Сағындым деп өлімді,
Түңілдім деп өмірден,
Білдірсең болды көңілді.

Қоям ба қолды өзім мен"—
Ойланды ажал:
—Сөзіме
Түсінсең даяр жұмағың.
Қой, жан қымбат өзіме,

—Саудаласпа, шырағым.
Қайтсең де жетті өлімің,—
Деп ажал келді жанына,—
Кезеріп кетті ерінің...
— Көнбеймін, келме маңыма...

Күн кешкірді көрдің бе,
Түрі бар аяз болатын,
Тез бітсін ісім менің де.
Нең бар бекер тоңатын?
—Төземін.
Жынды, ал есіңе,
Тұрсың қылға ілініп,
Тон жабамын үстіңе
Жатасын мәңгі жылынып.

Сендің ғой маған, ақыры
Жас ақты ғой көзіңнен,—
Аяздан жылап жатырмын.
Емес сенің сөзіңнен.

Рақат пенен михнат —
Бәрібір аяз рақымсыз.
Үдеді боран бұрқырап,
Кім табад сені, ақылсыз?
Ойлашы, осы жерде сен
Жатырсың, тауып әкетер,
Өкінерсің өлмесе,
Көрерсің азап құр бекер.

Ойнама, ажал,
Былшылдап,—
Деп қозғап әзер иығын,
Тірлікті сүйем мен шындап
Көргем жоқ әлі қызығын.

Қалып ең нені ұнатып?—
Деп күлді ажал: —жолығар
Алдыңнан батпак, былапыт,
Аяз, қауіп, омбы қар.
Саған осы лайық па,
Қалай ойлап көрсең де,
Тарта алар ма айыпқа,
Соғысты сотқа берсең де...

Жүрсің ғой камын уайымдап
Үйдегі қатын, баланың?
Міндетімді орындап,
Немісті жеңем,— барамын.

Жарайды бірақ несіне
Үйіңді іздеп барасың?
Шабылған еліңді есіңе ал,
Не рақат табасың?
Бүлінген бәрі...
Іскермін,
Өзім оңдап аламын.
Үйің жоқ.
—Үй де істермін.
—Пешің жоқ,
— Пеш те саламын.
Ішім пысса шебермін,
Өлмесем — өнер өзімде.
Шолақ болсаң өнердің
Пайдасы болмас кезінде,
Немесе болсаң мүгедек
Күйіңерсің ішіңнен...—
Ажал мен адам бетпе-бет
Айтысу асты күшінен.
Қансырап, суық бой тартты.
Кеш болды, қас қарайды.
—Орында, ажал, бір шартты,
Көнейін сонда... жарайды...
Жалғыз, әлсіз қамығып,
Қасірет қысып тастады.
Не кейіп, не зарығып,
Әйтеуір сөйлей бастады.

Емеспін жұрттан артық, кем,
Соғыста өлсем жүргенде,
Соғыс біткен күні сен
Босатамысың бір күнге?
Москвада тойланар
Әлемдік тойдың үстінде
Салюттің жеңіс ұлы үнін,
Босатамысың естуге?
Тірілермен сол күннің
Қызығын көріп қалуға,
Туған елде бір үйдің

Терезесін қағуға,
Шыққандарға далаға,
Бір ауыз сөз айтуға,
Лұқсатың ажал бола ма?
Лұқсат жоқ өлсең қайтуға...—

Дір етті Теркин суықтан,
Аузынан шықты салмақты үн:
Жоғал, мыстан, жуытпан,
Мен әлі тірі солдатпын!
Жылармын, зарлап дертімнен,
Даярмын түзде өлуге,
Риза емен еркіммен
Ырқыңа сенің көнуге.
Тоқта, табам себеп бір,
Шақырарсың өзің-ақ.

Тоқта, мені іздеп жүр,
Санбаттан.
Кәне, кәне, ақмақ?
—Қар басқан анау дөңесте...
Ырсыйып қатты күлді ажал.
Көмушілер емес пе?
—Мейлі, әйтеуір тірі олар.

Сықырлады күртік қар.
Екі адам келіп тоқтады.
Қолдарында күрек бар,
Естілді тоңға соққаны.
Бір жауынгер жатыр ғой,
Қалған екен қойнауада.
Кеш болды, түн жақын ғой,
Болмас бәрін жинауға.
Көрмедік бүгін тынымды,
Мазасы кетті іштің де,
Өліктің, шегіп шылымды,
Отырайық үстінде.
Тартудан бұрын көк түтін,
Ыстық сорпа ішер ме ед.
Ен болмаса бір жұтым
Арак қолға түсер ме ед.
Әлсіреген ұстамды
Берді Теркин бір үнін:
Қуындар мына мыстанды,
Мен солдат, әлі тірімін.

Екі жігіт таңданып,
Қарады тірі солдатқа.
Қайтеміз?
—Дереу қамданып
Апарайық санбатқа.

Бұл қызық емей немене?—
Болды олардың кеңесі.
Бір сәрі — болса құр дене,
Бірге екен жан мен денесі.
Әлің жоқ тұрар қозғалып,
—Өгіпті суық бойыңа.
Тығып қоя жаздадық
Сені жердің қойнына.
Жігіт екен бағы бар,
Мұзын шауып шинельдің.

Көтерейік,— Сонда ажал:
Деді — мен де ерермін.
Жерлестердің жұмысы
Бұл емес,— деді ішінен,
Шайқаңдар — бітед тынысы,
Құтылмайд қолға түсірем.

Екі белбеу, қос күрек,
Екі шинель жайылды.
Бар солдатқа бір жүрек
—Шыда дос, білдік жайыңды,
Жайлап алып жүрісті,
Жолды өндіре алмады,
Апаруға аман тырысты,
Ажал ерді, қалмады.

Жолдың сыйқы — жол емес,
Белуардан омбы қар.
Қыйналу бекер қол емес,
Жігіттер, мезгіл тынығар.

Біреуі сонда деді оған;
Демалмай жүре береміз,
Екі есе ауыр өлі адам,
Тіріні алып келеміз.

Біреуі айтты:

—Ол рас,
Ескеру керек оны да —
Өлі адам орын талғамас,
Тірі асығад орнына.
Бәрі әдеттен болады,—
Өмірде осытүйгенім.
Жалаңаш қолың тонады,
Қолғабым жылы ки менің.

Сонда сырттан бақылап,
Ойланып тұңғыш қалды ажал.
Біріне бірі жақын-ақ,
Тірілер неткен бауырмал.
Сондықтан жеке кісіні,
Алмасаң алдап түсіріп,
Кедергі болад ісіне,
Деп ажал кетті күрсініп.

ТЕРКИН ЖАЗАДЫ

... Хат жазу жатқан жерімнен
Көрінді маған лайық тым:
Өмірге өте жерік ем,
Науқасымнан айықтым.

Тесілсе де жамбасым,
Жатуым әбден қанса да,
Жазылып аяқ алған соң
Төзеді тасқа салса да,

Жатырмын аңсап тезірек
Балдақсыз жортып кетуді,
Көдені таптап езгілеп,
Алшаң басып өтуді...

Арман — аман тұрсам деп
Күні-түні ойлаймын,
Бөліміме барсам деп;
Әрине, бармай қоймаймын.

Соғысып бірге, дәмдесіп,
Ғылымды бірге жыйнап ем,

Шегінгенде шанды есіп,
Шабуылда қар кешіп,
Жүруші едім пимамен.

Онсыз қайтіп төземін,
Солдатпын соған сыйынам.
Талмайды менің өзегім
Бөлімім, үйім өз елім,
Ол менің туған семьям.
Бөлімді аман көріп мен,
Құшағына тез енсем.
Құтты күнге келіп мен,
Смолендік жерімнен
Шекараға жөнелсем.
Сөз бітпейді онымен,
Турасын айта аламын:
Қыйын-қыстау жолыңмен,
Өзіміздің бөліммен
Қайда айдаса — барамын!
Үшінші оқ тиіп мен өлсем,
Ішінде алай-түлейдің,
Сендерді сонда бір көрсем,
Алдарыңда жөнелсем,—
Екен деп қана тілеймін.

Өзің тілеп өлімге
Сүйкеніп бекер ұрынба.
Жерікпін деп өмірге
Айтушы едім бұрында.
Сағынамын, арманым —
Сендерді көру көзбенен,
Генералға жазамын
Тап осындай сөзбенен.

Генерал бұрын көріп ед,
Сендерден мені айырмас.
Орденді өзі беріп ед,
Көңілімді қайырмас.
Хаттан кейін тым кешке
Қалмай өзім қайтамын...
Асбасшыға ерекше
Дұғай сәлем айтамын.
Әлі де майлы, тұздаулы
Тамақты қою пісірсін.

Қазанында ожауы
„Тік тұр!“ десе—
Тік тұрсын.
Осымен сөзді түп-тура
Доғарғалы келемін.
Ұлы аяқастың жуырда
Болатынын сеземін.

Тойды біліп құтырып,
Тарпыйды тұлпар аяғын...
Сол күнге дейін құтылып,
Тастасам екен таяғын.
Көңілім жақсы, хат күтем,
Сөйлесерміз еркіндеп.
Достарым, дұғай көп сәлем,
Біліңдер жазған—
Теркин деп.

ТЕРКИН - ТЕРКИН

Үй менен пеш иесіз,
Қорасы кетті отынға.
Тоңған адам кінәсыз
Бекер жаурап отырма.

Кінә жоқ. Үйдің иесі
Кім екенін талғайсың?
Жеті рудан жиналған
Жастар отқа жылынып
Бой көтеріп алғайсың.
Сабан жатыр иденде,
Қалғысаң көзді іліп ал.
Қайны атаңның үйінді,
Емессін жұмақ төрінде,
Тек тірісін — біліп ал.
Біреу жалаң аяғын.
Жарыққа тосып көреді,
Менікі ме, дегендей
Шұқып, сыйпай береді.

Біреу шешіп шинельді,
Болса суық ызғырық,
Көйлегін түріп қыздырып,
Пешке ентелеп барады.

Жалғыз сен бе осында?
—Шегініңдер, жігіттер,
Болып кетті қараңғы.
Сен сияқты кесір ед,
Әнеугі неміс біз көрген.
Несіне неміс есіред,

Бұрынғы түрі өзгерген
Дегенменен ол шіркін
Әлі жынын шашуда.
Бұрынғы күні жоқ бүгін,
Мінсе де қандай ашуға,—
Шешіп жатып етігін
Қайырды жауап бір жігіт:
Неміс шебер қашуға.
—Жігіттер бұл соғыс қой,
—Бөтен нәрсе деп пе едің?
—Арақта қызу шамалы,
Қара шай одан бағалы,
Денемнің тоңып кеткенін...
Кім еді саған шайменен
Бойыңды жылт деп нұсқаған?
Жер ме еді құймақ майменен.
—Мылтығыңды әрі тарт.
Темір балқып кетеді
Отқа жақын ұстаған...

Шаршап келіп жығылып
Жатыр Теркин тынығып,
Әңгімеге, әзілге
Қараған жоқ бұрылып.
Көріп біраз қорлықты,
Соғысқа қайтып келген соң,
Өз үйіне келгендей
Теркиннің ойы орнықты.

Өз полкіңе оралып
Қайтып келсең тәуір ғой.
Танымасын сыйламас
Жаңа орын деген ауыр ғой.

Бөтендердің қалжыны,
Ойын, күлкі, әзілі
Тербетпейді жаныңды...

Біздің Вася Теркинді
Көрдiңдер ме?— деген сөз
Құлағына Теркиннің
Еміс-еміс шалынды.

Түрекелді орнынан
Судыратып сабанды.
Несіне енді жатады?
Танымайд ешбір адамды.
Ендеше мұны сөз қылып
Атын неге атады?..

У- шу болып отыр жұрт.
Отты жағып, айнала.
Шеттегі біреу отырып:
Кім шақырған мені?— деп
Дыбыс берді жай ғана.
Естіді ме құлағың?
—Айғайлаған кім маған?
—Кім еді атың, шырағым?
—Теркин деген мен болам.
Біздің Теркин естіді
Түсініксіз бір жұмбақ,—
Ақылға сыймай барады.
Жаңадан шыққан Теркинге
Жұрт таңырқап қарады.
Түсіне алмай бұған жұрт
Дағдарғандай көрінді:
Теркинбісің

—Теркинмін.

Айтшы, жаным, жөніңді.

—Шын айтамын.

—Жігіттер,

Мұнда екен Теркин, келiңдер!
Кисетiн біреу шығарып
—Ораңыз, деді, шылымды —
Жаңа Теркин шiренiп:
Тартпаймын, деді мұныңды.
Біздің Теркин жақындап
Қайырып қойып жағаны,
Анықтап көрді мынаны:
Бұл Теркин шикiл сары екен?
Теркиннің шықты сыңары.
Жаңа Теркин шылымды

Махоркеден ораса,
Біздің Теркин бұрынғы
Кіріспей-ақ қояр ед,
Көңліне бұл ұнаса.
Танауын көкке көтеріп,
Шіренген соң патшағар,
Біздің Теркин деді оған:
„Қазбек" дейтін папирос
Қалтаңызда бар шығар?—
„Түсінбедім мұныңды"
Дегендей біраз кідіріп:
Жаудан алған шылымды,
Тартыңыз,— деді бұл тұрып
Бәлесін кара өзінің!
Біздің Теркин Василий
Сезді ағаттық өткенін.
Алмаса да көңілге
Ананың түйреп өткенін.
Сыр білдірмей, бой бермей
Еркіне ерді сезімнің,
Сездірмей ғана күрсініп
Деді бұл:

—Теркин өзіммін..
Ду күлісті, шуласты.
Тағы Теркин табылды,
—Санайықшы келіндер.
—Есебінен жаңылды..
—Мұндай қызық болмас-ты.
—Бесеуге саны жеткен соң
Бізді оята көріңдер.
Баспа, шырақ, әзілге,
Мен — Теркин!— деп ананың
Көрінеді түсі бұзылған.
Кім біледі, әзірге
Көрініп тұрған белгің жоқ,
Маңдайыңа сызылған —
Сонда сары қалтадан
Суырып алып көрсетті
Қағаздарын бар жиған:
Теркіндігі шын екен.
—Бірақ Теркин болғанмен
Василий емес, бұл Иван.
Мазактаған пішінмен
Деді анау біздің Теркинге:

- Жок па едің әлі түсінген,
Ұйқас керек болған соң
Десе де Фома еркінде.
Оның дұрыс, бірақта,
Батыр деген атаққа
Ие ғой ол, деп салды
Біздің Теркин бір уақта.
Сонда анау шешінді
Көрсетгі дәлел бұл дауға...

Екеуі қатар төсімде
Орден деген мынау ма?
Бронь тескіш Теркинмін,
Түскемін талай сынауға.
Қос танкіні жайратып,
Бергемін сокқы мен жауға...
Біздің Теркин сасқандай
Үңілді оттың шоғына.
Сынар едім мен сені,
Амал не гармонь жоғына,—
Деп шу етті:

Табамыз,
Старшина береді,
Жүр, оятып аламыз.
—Соның қанша керегі?
—Берсеңдерші дамылды!
—Міне гармонь табылды.
Қолына гармонь тиген соң
Әкетті жігіт құбылтып,
Жоғарыдан төменге
Бір-ақ түсті сыдыртып..
Сақалды бетін әкеліп
Гармонына сүйеді,
Тамағын қырып жөтеліп.
Қабағын қатты түйеді.
Аңыратып тартқаны —
„Кешкі өзеннің бойында“
Деген әсем күй еді...
Теркинім қолын бір сілтеп:
Бола-ақ қой, деді, еркінде.

Бірақ шикіл сары бет
Жараспайды Теркинге.

Сары адамға қыз үйір,—
Деп күлді анау Теркин де.
Жігіт қой ашық көңілі,
Теркин күлді қарқылдап,
Теркіндікке таласпай,
Отырды ойнап жарқылдап.

Көңіліне ұнады
Михнатсыз, шығынсыз
Сыңар тауып алғаны.
Басқаларға ұғымсыз,
Қызық болды бұлардың
Екеу бола қалғаны.
Теркин сонда анаған
Деді:

— Қолқа саламын, -
Нағыз Теркин сен-ақ бол,
Мен әшейін сенімен
Аттас болып қаламын...
Анау Теркин таңданып,
Не қылам, деді, оны мен?!
—Соныменен өзара
Алдыңдар ма келісіп.
Қайсың Теркин болдыңдар?
Деп жатты жұрт күлісіп.
Қоршады екі батырды.
Старшина ұрысып
Қойыңдар!— деп ақырды.
Түсінбейтін не мұнша?
Әр нәрсенің кезінде
Кемістігі толады,
Біздің устав бойынша
Әр ротаның өзінде
Өз Теркині болады.
Естідіндер ме бәрің де?
Ұғымсыз ба әлі де?
Ұқпаған қанша адам бар?
Кім наразы осыған?
Бәрің түгел ұқсандар,
Шуылдамай,

Тараңдар!

Старшинаның сөзіне
Мен де түгел қосылам.
Взвод сайын бір Теркин

Болғанын тіпті қостар ем.
Оның жөні бір басқа.
Келген соң сөздің реті
Пікірімді қосқан ем.

АВТОРДАН

Кай жердің жерін жерлесен,
Сол жердің жырын жырларсың,
Ауыр күндер басталып,
Күйзелгенде еліміз,
Шын дос бола бастадық.
Вася Теркин екеуміз,

Жайылып атың жер-көкке,
Талай жұртқа ұнадың.
Орнадың талай жүрекке
Білмеп ем мұндай боларын.
Соғыстан бұрын білмейтін
Россия сені, расы,
„Теркин" десең —
„кім?" дейтін,
Енді бүгін сұрашы.
Білеміз.

—Теркин қадырлы,
Жігіт қой!
—Мін жоқ бойында,
Соғыста солдат қажырлы,
Көңілді сауық ойында,

Қолынан келмес жұмыс жоқ,
Жат емес оған дәнеңе,
Бірақ, көптен сыбыс жоқ,
Кездеспесе ед бәлеге.
Шықпапты көптің ішінен,
Өтірік.

—Бекер,
—Бөсіп жүр.
Көзімен көрген кісіден
Естіпті шофер десіп жүр.

Жатыпты қатар ұрыста,
Теркин түрегеліпті,

Снаряд түсіп сол тұсқа
Тілін тартпай өліпті.
Снаряд оған тиген жоқ,
Минаны басып кетіпті,
—Абайсызда тиген оқ,
Өкпесін тесіп өтіпті.
Болсын мина, оқ, бомбы,
Өлімге бәрі себеп-ті,
Минутында ол соңғы
Серігіне не депті?
Жеңіске алға басқанын
Ерлерден талап етіпті.
Тамақтан бұрын ашқарын
Өлдім-ау деп кетіпті.
Жігіттер,—депті, өлерде,—
Білмей тұрмын сенуді,
Ұжмақ қабыл көрер ме,
Аттестатсыз келуді?

Бір жаралы жауынгер
Естіпті ғой бөтен сөз:
Депті Теркин өлерде:
—Мен өлсем соғыс бітед тез.

Сенетұғын түк те жоқ,
—Жоқты айтатын кім екен?
Соғыс қой әлі біткен жоқ,
Ендеше Теркин тірі екен.

Мұндай қалжың жобаны.
Естіген талай бұл, автор,
Шындық шынға соғады,
Лақаптың аты лақап құр.

Жоқ, жолдастар, батырға,
Азабы ауыр, ісі ірі,
Қатардан шығу мақұл ма?
Кешіңіз! Теркин жүр тірі.

Аман, сау жүр жігітім,
Ойына өлім енбейді,
Ендігі менің үмітім,—
Ол менен бұрын өлмейд .

Асудан асып шоқытып,
Елінің қамын жейтін ол,
Саяси сабақ оқытып,
Уайымдама!—
Дейтін ол.

„Тоздырамыз! төземіз“
Деген сөзі Теркиннің
Сақтаулы әлі, білеміз,
Жүрегінде әркімнің
Шығын, апат қайсысы

Еңбек, азап деген не?
Теркин менен жай кісі
Кітапта сәйкес келе ме.

Жолдасым, досым сен енді,
Қай жерге тағы тоқтадың,
Кеміріп сәбіз селенде
Таттың ба тұзын ботқаның?

Қай жердегі өзеннен
Тағы да су аласың,
Арбамен не тізеңнен
Батпакты кешіп барасың.

Мызғып алып па едің аз,
Тұр — ерте, шықшы шолып сен,
Екі қыс және екі жаз,
Бұрын мұнда болып па ең?

Барлық жер — Москва маңында,
Волганың бас жағы да,
Днепрдің бойында,
Батыстың қыр мен ойы да,
Қалалар қанға малынды,
Енді қанмен алынды.

Бұл жерден асыл езгі жоқ:
Жарық болса — біздің үй.
Түтін шықса — біздің от,
Тарсыл шықса — балтамыз,
Күй естілсе — біздің күй,
Біз кірені тартамыз.

Көлденеңі, ұзыны
Көз жеткісіз біздің жер.
Машиналар жүйткітін
Тозғанынша темірлер —
Соны түгел шарлады
Жаяу жүріп біздің ер.
Еркектегі қияңқы,

Бейқам алып бұл емес.
Жорыққа шыкса жинақы,
Жай ғана адам тұрмыста,
Мас та болмас ұрыста,
Сескену оған жат емес,
Мастық оның салты емес.

Кеудемде демі тұрғанда,
Ойламас өлім сағатын,
Азапқа да қайғыға
Талдырмас ойын, қанатын.
Теркин тірі шын айтам,
Көңілді ол. О, сайтан!
Той жақын анам — Россия,
Батысқа көзді сал, халқым.
Алысқа кетті Василий,
Вся Теркин солдатың.

Шын айтар кейде күлдірер,
Бөгетсіз оған қар мен сел.
Соғыста таймас табаны,
Түтеген отқа тура енер.
Әрі езгі, әрі күнакар,
Орыстың ғажап адамы.
Тарашы хабар халыққа,
Келді ескі дос еріміз,
Кәне оқиық жарықта!
—Тыңдайық кәне келіңіз.

ШАЛ МЕН КЕМПІР

Үшінші жаз. Үшінші күз,
Өткелі тұр үшінші қыс.
Жігіттерден хабарсызбыз,
Айырып тұр қызу соғыс.

Бірге өткізген сергелдеңді
Аз, көп ұрыс көргендерді,
Жоғалғанды, өлгендерді,
Өмірде бір көргендерді,
Біз кетерде тым мұңайып,
Біз келгенде құшақ жайып,
Күтіп сусын бергендерді,
Тілегенді бұршақ жайып
Соғыста енді еске алайық.
Қан майданның түбіндегі,
Аяз қырып, боран көмген,
Кемпір, шалдың үйіндегі
Біздің достың оңдап берген
Сағаты еш тозбайтын ед,
Болғанынша тағы майдан,
Көрсең қолын созбайтын ба ед —
Алып кетті неміс — хайуан.

Қымбат зат деп қарады ма,
Бұзылмайтын жүрісі жеңіл,
Соғыс үшін бағалы да:
Әйтеуір бір түсті темір.

Қыс пен көктем, жаз да өтті,
Кіріңдер, деп тірі көрге,
Неміс келіп бұйрық етті.
Қызу соғыс кашық жерде.

Өзің түскен өзеніңе
Неміс түсіп жүр жалаңаш,
Өз үйінде, өз төрінде
Отыр әне жау жалаңбас.

Өз тәртібін алып кепті,
Алыс жерден неміс сүйреп.
Смоленнің жерін тепті
Салат екті, кетпен түйреп.

Күн де туды жасқанатын,
Өз көшеңнен өзің жүрген,
Сескенетін, сақтанатын,
Өлмеген тек қалды сұлдең.

Сағатынан айырылып
Қалып қойды кемпір мен шал.
Қойған жерде сағат іліп
Қарауытқан орны бар.

Бірақ қария тыным алмай,
Есептейді өлшеп талдап.
Қызметтен тыс генералдай,
Соғыс жайын жатты барлап,
Үйден шықты, жолға барды.
Таяғымен жерді сызды,
Белгіледі қоршауларды,
Шетке, тылға шығар ізді
Не себеп бар кідіретін?
Көп болды ғой... — Болса деген
Кәрі солдат мүдіретін
Бар деп, оның бір реті —
Күрсінетін сыры терең.

Қарияға жүріп сырттан
Кейіпті де біраздары,
Жасырады сырын жұрттан
Деп біреулер тым наразы.

Қымбат баға сұрағандай,
Тірі жаннан іздеп пайда,
Шал, қашан?
—Шал, жағдай қандай?
—Буденныйың сенің қайда?
Бұл соғыстың зор дүбірі,
Күншығыстан сезілгенде.
Кідірместен тап сол күні,
Деді қария — кезі келді.
Орыстардың зеңбірегін
Алыстан-ақ анық танып
Деп тебінді:

—Кеңірдегін
Қый немістің, кетсін жанып!

Канонда болса сирек
Әлсіреген көрсе отты,
Шал, не болды?
—Ойлау керек,
Дейді, емес бұл үлкен соққы.

Тілесін не тілемесін,
Тек әйтеуір шал кезінде —
Кілтипаны бар жеңістің
Тұрғандай-ақ бір өзінде.

Іштен тынып дүниенің
Қамын жалғыз ойлайтұғын,
Іздеп істің бір түйінін
Шешім таппай қоймайтұғын.

Орындалып еткен тілек,
Жеткен күні ұлы дүбір,
Кәрі батыр тұңғыш рет
Сөз айталмай мүдірді бір.

Жұрттың арман, ой, тілегі
Топшыланды бір орынға,
Жетсек екен деп тіледі,
Өліп кетпей жау қолында.

Шал мен кемпір бірге жұртпен,
Орға түнде тығылады.
Соғыс төніп, өтпей сыртпен,
Нақ төбеде тұрып алды.

Қартайып келген күнінде
Түзде емес не үйінде,
Табалдырық түбінде
Күтті өлімді, күйінді.

Картоп қабы үстінде
Бөрене жатқан сенекте,
Көмірі күршек ішінде,
Тауығын қамап шелекке.

Екі рет болды соғыста,
Аман шыққан ер еді,
Өзі істеген қуыста
Снаряд тимей келеді.

Төбеген келіп қалсаң да,
Жақынға түспей, от заулап.
Өзіміздікі болсаң да —
Қажетің жоқ, кет аулақ!

Әйелі отыр шоқынып,
Тұлабойы етті дір.
Ажал тым-ақ қорқыныш,
Болсаң да солдат бәрі бір.

Зеңбірек даусы азайды,
Түн ортасы ауғанда,
Кендірді біреу қозғады,
Жүр екен мылқау жау маңда...

Естілді жақын тықыры,
Погребке беттеді,
—Көр етіп бізге шұқырды
Ажалдың осы жеткені!

Шал жоғары секірді,
Бір түкіріп қолына,
Балтамен қорғап кемпірді,
Кесе тұрды жолына.

Келгендей ажал қарысып,
Сезілгендей қысқаны,
Өлейін деп алысып,
Балтасын нықтап ұстады.

Біреулер келіп тоқтады,
Құйылды төмен топырақ,
Кемпірдің қатты қорыққаны
Тұлабойы қалтырап.

Жаны бар, әлі ес білед:
Жеріміз біздің құтты жер!—
Орыстың сөзі естілед:
Жұрт бар екен, жігіттер!—

Қарақтарым!— деді шал,
Балтасы түсті қолынан.
Бір барлаушы, күтіп ал
Келгендерді соңынан.

Сұңқардай сұлу жастардың
Бірі өтеді бірінен,
Тұрған жігіт басқарып,
Адамға ұқсас бір көрген.

Ора кәрия, шылым тарт.
Маңдайынан сүртіп тер:
—Бақыттысындар, жігіттер,
Кезінде дауыс бердіңдер,
Әйтпегенде,— деді қарт.

Бастық күлді сөзіне:
ОҚа жоқ, онда болады,
Өз таяғың өзіңе
Соғыста қайта соғады.

Дұрыс!—деді, енді шал,—
Отырып шылым шекпес пе,
Айтатын талай сыры бар,
Көп күтті ғой, шертпес пе.

Жігіттер тағат қылмай тұр,
Деп,— таң атпай кетеміз —
Сабыр ет, ата, шыдап тұр,
Жақында азат етеміз...

Көз қысты жігіт қуланып,
Маңыз бере сөзіне.
Сенбісің?— Деді шал танып,
Жылы ұшырап көзіне,

Танысы — досы, ер — өжет,
Столда бірге отырған.
Ойбай, кемпір, дереу жет,
Білдің бе мынау кім тұрған!?

Деді кемпір: — Күнім-ай,
Құлыным тірі көрдім ғой,
Жеп кетші бір түйір май,
Соғысып шаршап келдің ғой.

ҚАЖЫҢШЫЛ жігіт күліп тұр:
Майды қабыл аламын,
Май жоқ, шеше, сөз ғой құр...
Жоқ болса табамын...

Саулығы қалай деніңнің?
—Аманмын, ата, денім сау,
Үйінде болған еріңмін
Солдат ем, енді мен кіммін?
Офицерің көр мынау.

Офицер? Солай... Ұғымды...
Деді изеп шал басын,
Шегінсең тағы бұрынғы
Күйінді басқа салмасын!

Оны ұмыт, ата, ендігі
Міндет жауды тез жеңу,
Ұлы, кіші шендіге
Болмайды енді шегіну,
Шегінсем — қайтсең еркін де,
Қаратпа мені есіктен,
Сенші, Вася Теркинге.
Серт осы өзің есіткен.

Сенемін! Сөзің шын, бала!
Кім дейін сені айтып бер:
Поручик пе, мырза ма,
Әлде жолдас офицер?

Көп жасаған, көзден нұр
Бастаған тая бір қартсың.
Мырзаларға екі жыл
Айласып әдеп алыпсың.

Шал — түкірді. Ал кемпір
Бір қолмен сүйеп тұр жағын.
Сәл қисайып тіреп тұр,
Екінші қолмен шынтағын.

Бейне анадай, ұлына
Бұрыштан шығып қараған,
Жей ғой, қалқам, мұны да,
Мынау май, мынау қара нан...

Асықса да жеп асты
Туғанындай сый көрді.
Темекі берді, қоштасты,
Ал, жігіттер, жүр!— деді.

Кідіріп мойын бұрғандай
Болды, айта ма бірдеңе,
Босағада тұрғандай
Сұрады:

—сағат жүре ме?

Табылып сылтау тегіннен,
Ағытты кемпір көз жасын,
Жылама, шеше, Берлиннен
Әкелем екі жаңасын.

ДНЕПРДЕ

Кейінде қалған кәзірде,
Угра деген өзенде,
Жолымыз бір ғой, барармыз.
Генерал сонда деді ерге.

Шабуылды ер жігіт
Бақытым деп санады.
Гвардияны ертіп ап
Үйіне алып барады.

Көрді ғой Теркин ызғармен
Ыстықты, ауыр, жеңілді.
Өзгерткен шығар қыздармен
„Қазбек" шекпек көңілді...

Келген сайын жақынға,
Туған жерді басқалы,
Көрініп ыстық батырға,
Жанына бата бастады.

Жолда, қызу соғыста,
Түсі менен өңінде,
Арнаған ата қонысқа
Сөздері жүрді көңілде:
Туған жерім, өз елім,
Сағындым орман, далаңды,
Днепр қайран өзенім,
Армысың, қарсы ал балаңды.
Алашабыр терегі

Күздің көркі көзелім.
Ельня менен Глинка
Лучеса деген өзенім.
Туған жерім, мекенім,
Өтті маған қадырың,
Жаралы жаным жабығып,
Алыста сарықты сабырын.
Алты айлықты айналып,
Аралап келдім алысты,
Азапты көріп қиналып.
Шектім мұңды, налысты.
Туған жерім, мекенім,
Ата мұра қазынам,
Мақтаныш етіп нетімін,
Әшейін айтқан базынам.

Сені іздеп келем шығыстан,
Алаңсыз көңіл бұрынғы,
Мауқыңды басып тыныстап
Көресің тағы ұлынды.

Алдағы шаттық күн үшін,
Туған жерім, мекенім,
Кешіре көр, қылмысым
Білмесем де не екенін...

Жолда қызу соғыста,
Біреулермен болсе кез,
Жүрегін жатты қоныстап
Осы өлең мен осы кез.

Соғыс шіркін талғамас,
Жердің асыл екенін:
Украина не Кавказ,
Смолен деген мекенін.

Кездесіп жатты өзендер,
Кездесіп көпір, өткелі,
Дивизия ілгері
Ұмтыла жауға беттеді.

Маужырап күзгі шуақ тұр,
Жаудың бетін қайырып.
Қыстағын ердің бөтен бір
Генерал алды айырып.

Тасыған судай бұлқынып,
Майдан басты ой-қырды,
Тізгінін үзіп жұлқынып,
Днепрге аттар бой ұрды.

Шаң менен терге малынып,
Жауынгерлер күлісті,
Арбадан озып ағылып,
Үдетті жаяу жүрісті.

Ұлы өзенге асықты,
Шаршау есеп болмады.
Токтаған жерде қасықты
Көтерді эзер қолдары.

Күштері тасып, ашынды,
Екпінге мініп жалғыз-ақ,
Қиналыс — шаттық қосылды
Әуе айналған аңызак,
Ауыздарын ашырды.

Оң мен сол біздің кісілер,
Қалмаса болды ере алмай,
Ботқасын тастап немістер,
Қызығын кетті көре алмай,

Жағада қапты бекініп,
—Лактыр суға күшкіті!
—Неміс бір-ақ секіріп,
Берлинді баса түсіпті.

Қалың қол жарып өткенде,
Артта алтын жаз қалды,
Днепрге жеткенде
Сұрапыл соғыс басталды.

Бір кезде ажал тазартып,
Өзеннің терең аңғарын,
Алар судың ол тартып —
Жасырып бүгін қалғанын!

Талдың ашып қойынын,
Түбінен табар тереңнің,
Зеңбіректің мойынын —
Тамырындай еменнің.

Неміс пенен орыстың,
Танкісін табар қосынан.
Бір жерге келіп қираған
Қорғасын, болат қосылған.

Жер шарынан жиналған,
Понтон түбін, арқаның
Құм жауып көміп тастаған,
Сансыз басын балтаның,
Бір кезде сапер ұстаған.

Днепрге арналған,
Жырлар да әсем болашақ,
Ескі балта бұл қалған
Өзінің орнын алашақ.

Арқауы болар сол жырдың
Қанды күнгі қайғы-зар,
Мен үшін бірақ кейбірін
Айтуға ақын қаймығар.

Оқасы жоқ ақынның
Тырнағына тұрмаспын,
Дәлелге онан жақынмын,
Отты жұртпен бір бастым.
Өмірді бірге сапырдым,
Оқыйғамен құрдаспын.

Грузовик жүкпенен,
Мезгілінде жетпесе,
Понтон көпір күтпеген
Өзенге жетер ептесе,

Уставты мансұқ етуге,
Оқ астында күтуге,
Жаяу әскер көне ме,
Қақпа — паром, өтуге
Еспе — тақтай, бөрене.
Түнде өтіп алуға
Кезінде көпір бітеді.
Аржақта таса болуға
Талдар мүлгіп күтеді.

Жүзіп өт те, талды ұста,
Жақсының атыңның жалындай,

Оқтан қағас қуыста
Аларсың аздап дамылдай,

Көйлегіңнен, досым-ай,
Су тұрса қатты сорғалап.
Василий Теркин осылай
Өтті аржаққа жорғалап.

Таңертең тұман түтінмен
Араласты бозарды.
Өзендей жылжып, өзеннің
аңғарымен қозғалды.

Соғыс қызып кетсе тап,
Өзгерер бәрі, түрленер —
Взводты жермен қабаттап
Өзенге атып жіберер.

Бой үйренді көндігіп,
Соғыстың күні ерекше.
Өмірге шақсаң ғасыр ғой,
Шекарадан шегініп
Москваға барып келгенше
Талай өзен жатыр ғой.

Жауынгер өтіп ақырғы
Жағаға қолы жеткен соң,
Днепрді сапырды
Азуға басты сухарді,
Денеге суық өткен соң.

Су өтсе де киімге
Оқасы жоқ, бұл десант,
Днепр қалды кейінде,
(Солай ма, жолдас лейтенант?)

Талас қызды өтуге
Төменгі түстік құлақтан.
Немістер өтіп келуге
Келеді беттеп сол жақтан.

Қарап тұрып төменге
Теркин кейіп сөйлейді;
Сол жақта түссін пленге,
Бұл жақта қолым тимейді,—

Токтаусыз келіп төменде
Біздің қол алды жеңісті.
Сарқырап жатқан өзенге
Тоғытты қойдай немісті.

Жауды жарға құлатып
Тегістеуге шұқырды.
Бомбалар ағып зулатып
Өзеннің бойын сыпырды.

Погребке тығылып,
Шілікте бұғып жатпады.
Тұтқыннан босап шұбырып
Туғандар бері қаптады.

Сол жактағы штабка,
Келеді неміс жалаңбұт,
У-шу болып сол шақта
Мазақтап күлді тамам жұрт:
Өткелден бе?— Өткелден,
Днепрден шыққан ғой.
Шомылған.

—Быршып кеткеннен
Денесін суға тыққан ғой.
Семірген екен жануар...
—Тұтқындық бұған керегі...—
Взводтағы сөзуар
Қалжыңсыз Теркин келеді.

Жайлап шылым шегеді,
Көңілде зілді ойы бар.
Көрген жері көп еді,
Шарлаған талай жолы бар.
Ешкімге емес өкпелі,
Еш адамды сөкпеді.
Тек көп көріп, көп біліп,
Көп еді құйған, төккені...

Туған жер, ата қонысым,
Смолендік мекенім,
Кешір мені, қылмысым
Білмесем де не екенін.

Тұтқындықтан — кермеден
Басың мәңгі босады.

Тылдағы азат елменен
Теркиннің сені қосады.
Ауыр жыл кетті мәңгіге,
Бақытқа басып көше бер...
Василий Теркин, немене
Жылағаның?..
—Кеше гөр..

ЖЕТИМ СОЛДАТ ТУРАЛЫ

Енді аламыз Берлинді,
Берлинді бер, сөзді қой.
Ескі қала Клинді
Атайтын уақыт озды ғой.

Енді Одердің бойында
Көп көрген қартың тіс қаққан,
Не қалды дейсің ойында
Борки деген қыстақтан.

Сол Боркидің маңында
Әрбір қазық, әрбір тас
Теркин мен менің жадымда,
Өмір бойы ұмытылмас.
Бірге жүр соғыс болғалы,
Емес не жас, не кәрі.
Мен секілді ол дағы
Кейіген күні жоқ әлі.

Түсірмейді еңсесін,
Түссе да талай ұрысқа.
„Батысқа тарт!“ дейтұғын
Бара жатып шығысқа.

Қалаларды қалдырып,
Шегінгенде жауыздан,
Жұрттың мейірін қандырып,
Түспейтін Теркин ауыздан.

Құрметті еді тамаша,
Жалғыз сол жұрттың көзінде,
Амал не кем санаса,
Генералдың өзі де.

Өзгеріп уақыт барады
Ежелден еңбек бөлулі,
Тастайды солдат қаланы,
Генерал білед жеңуді.

Көп көрді соққы, талқыны,
Екі рет болды жаралы.
Қырық бірінші жыл оны
Жаудың қолы қамады.
Енді үдетіп қарқынды
Өз жерін басып барады.

Ілесіп көптің қасына
Кірді солдат жат елге:
„Бұл қай жер, қайда Россия“
Шекара деген қай жерде?”

Соғыстың жүріп соңында,
Қалдырып жауға мекенін.
Кеткенде не бар ойында —
Оны болжап нетемін.

Шындық-шындық қашан да,
Өтірік түбі өтірік.
Уақытша кейін кеттік біз,
Алыстадық шегініп.
Жау сөзі жалған!— дедік біз,
Қайратты жыйнап бекініп.

Астанадан батысқа
Созылған елім, қарашы!
Жатыр сонау алыста
Құрышты шекарасы.

Зор болсын қыстақ, кішкене
Жауда қалған жеріміз;
Сыйқырмен емес күшпенен
Босатып алды еліміз.

Советтің өз күшінен
Қирады жау қуылды,
Россия бүгін дұшпанның
Босағасын суырды.

Біздің елге қызығып,
Төбелеске ұмтылған,—
Етпетінен жығылып
Талайдың таңы жыртылған.

Қандай елдің үстінде
Отаным туың ілулі?
Салютті күтсек кішкене
Болады дәл білуге.

Уақыт басқа, кез өзге
Жеңіл емес, жүк ауыр.
Солдат жайлы біз сөзге
Көшейік, күтіп тұр бауыр.

Туғаның, жарың не балаң
Қарындас, іні, ата-анаң —
Әйтеуір жақын біреу бар —
Хат жазасын сен соған.

Біздің мынау солдаттың
Ағайыны алты әлем.
Тек радио туғаны,
Айтсын басқа кім сәлем.

Әйнегің болса, сағынып
Келгенінде қағатын.
Өмірдегі зор бақыт
Іздегенде табатын.

Есіңе түсіп кеткенде
Ішің толад арманға.
Жорықта жүріп шет жерге,
Жат елдерге барғанда.

Ал енді біздің солдаттың
Соғыс қазір бітсе де,
Әйнегі жоқ қағатын,
Үйленіп үйден кетсе де,
Қатын жоқ қарсы алатын.
Бала да жоқ кішкене
Баласы бұрын болатын,
Үйінде сурет салатын...

Смоленнің маңында
Болғанда бір демалыс
Командирдің жанына
Келіп деді:
—Онша алыс
Емес үйім осыдан.
Аз уақытқа барайын.
Мүмкіндік туды тосыннан,
Үйімді көріп қалайын.

Мерзімді лұқсат берілді...
Таныс жер әрбір көдесі.
Жолы бөтен көрінді,
Жат орманы, дөңесі.

Өзен, оба, қурай көп,
Жасырғандай денені,
Тақтай ілген былай деп;
„Қызыл көпір селені“.

Тіріден таныс кездесіп,
Айтты қалай болғанын,
Құлағымен тұрды естіп
Жетім болып қалғанын.

Айырық жолдың үстінде,
Жалаң бас тұрды солдаттың.
Тұрғандай мола ішінде
Уақыты жетті қайтатын.

Соғыстың жүріп соңында
Тастап туған мекенін,
Кетерде бар ойында —
Оны болжап нетемін.

Жетімдікке түсті де,
Бөлімге келді тезірек,
Сорпасын суық ішті де
Жіберді жалғыз еңіреп.

Салбыратып аяғын,
Отырды ордың шетінде,
Баладай шытып қабағын,
Жасы тұрды бетінде.

Оң қолында қасық бар,
Қалайыдан істеген.
Сол қолында наны бар
Шетінен ептеп тістеген.

Сағынды ма баласын,
Аңсады ма алғанын,
Аяды ма өз басын,
Атаусыз жалғыз қалғанын.

Қайғырса да солдаттың,
Міндеті ас жеу, жылыну.
Алыс жолға баратын
Адамға қажет тынығу.

Совет жерін өткенше
Ауыр болды жүрер жол.
Тамақ қуып жеткенше,
Кетеді ұзап қалың қол.

Жақсы соғыс табылса
Аштықпенен жоқ жұмыс.
Бір күнде қала алынса,
Екі күнде — облыс.

Мезгіл бөтен, уақыт тар,—
Соқ, қуала, тартып ал.
Белоруссия жарқыным,
Украина алтыным,

Сау болындар, жұмыс бар.
Шөлдеу ұмыт болады,
Сыра ішпейді қалғандар,
Сыраға әбден қанады,
Заводты жаудан алғандар.

Асып талай кезеңнен,
Талай жерге кеттік біз.
Шекаралық өзеннен,
Соғысумен өттік біз.

Айырдық есеп ақырда,
Құн төлете берейік.
Жетім солдат хақында
Өңгімеге келейік.

Жок еді еске алынған,
Әлде ұрыста өлді ме?
Ұсақ жазу жазылған
Тақтайын қар көмді ме?
Міндетті түрде дем алып,
Жараланып қалды ма?
Не майданда Тильзитті
Бізбен бірге алды ма?

Соғыстың жүріп соңында,
Тастап Россия мекенін,
Кеткенде не бар ойында —
Оны болжап нетемін.

Жеңіп жүр ме қасіретті,
Жетімсіреп қалғасын,
Әйтеуір біз міндетті
Ұмытпауға көз жасын.
Россиядан сол жарты,
Қолменен тартса жетер ед,
Немістер соққан көк тасты,
Тамызса, тесіп өтер ед.
Біздің шығын кесек-ті,
Жау толтыра төлесін.
Ішімізге көк қатты
Ол дағы көрсін көресін.
Ұмытпайық, жігіттер,
Жетім қалған солдатты.
Есептесін, төлесін,
Миллиондардың құнын жау.
Борыштың жолы тым қатты,
О да алсын жаудан үлесін,
Қосайық соған біз мынау,
Жетім қалған солдатты.
Алыспыз ба Берлиннен —
Санама, тарт берік бол.
Москва менен Клиннен
Бергі жолдың төртінің
Біреуіндей қалды жол.
Күн шығады өтіп түн,
Найзамен белгі салайық.
Жеңіс күні жарық күн,
Жетім қалған солдатты
Сонда еске алайық.

БЕРЛИН ЖОЛЫНДА

Берлинге қарай асқанда
Мамық жүн ұшты аспанға.
Суланып мойып күн жаумай,
Сымдардың өшіп тұр үні.
Машинаға қыраудай

Жабысып қалды құс жүні.
Асқана мен зеңбірек
Мамықты, қарды, батпақты —
Бәрін қосып езгілеп,
Доңғалаққа таптатты.

Мамық пен қар болып мұз
Жабысып қалды шинельге...
Табиғаты көңілсіз
Қызыл кірпіш жат елде.

Соғыс болды тынымсыз;
Солқылдап жердің денесі,
Үйлердің жатты жұлынып
Таспен жапқан төбесі...

Анамыз туған Россия
Адымыңа ілесе,
Әлемнің өттік жарымын,
Алыста қалды белесің,
Жалпақ өзен алыбың.

Қайыңның ақшылелесі
Көлікке еріп көп жүрді.
Бөтен елдің төбесі
Көрінген соң үзілді.

Ұзақ кеттік біраз жер —
Алыс Москва, Еділ де.
Ортамызда қалды елдер
Сөйлейтін бөтен үш тілде.

Орыстікі емес, басқа күн
Бұл жерде шығад кешігіп,
Құлаған үйдің тастары
Балшық боп жатыр есіліп.

Айнала жазу, белгілер,
Жол көрсеткіш таңбалар,
Жасаған сымнан шытырман,
Қорған, есік, қақпалар —
Адамның ішін пыстырған...
Туған жер анам, асылсың,
Жақсы да, жаман кезде де,
Жүрегіме жақынсың,
Көркемсің, нұрлы, жарқынсың,
Теңгермейтін өзгеге.

Не боларын өмірде
Болжай ма солдат, мен бірақ
Бұйырса, құлмын өлімге,
Өз жерімнен топырақ.
Тірі барсам үйіме
Болар еді-ау тамаша.
Сенсің үйім, елім де,
Отаным, мәңгі көп жаса!

Жауынгерің халыққа
Құлмын деп өзін санайды.
Сондықтан ол бақытты
Деп айтуға жарайды;—
Төрт жыл болып соғыста,
Келген соң ата қонысқа,
Енді өлмеуді қалайды,
Туыңның арын сақтадым,
Ақ сүтіңді ақтадым,
Сені мендей сүйеге
Хақы бар ма басқаның?

Соғыс қатты болғалы
Белін шешпей ай бойы,
Жауынгер ұлың қорғады.
Асықты туған еліне,
Беттегенде Берлинге,
Сенде ғана болды ойы,
Мамық бұлттай қалқыды
Жорықты жолдың үстінде,
Үйтілген иіс аңқыды
Өртенген қала ішінде.
Гүрсілдеп бомба жарылып,
Келеді халық ағылып,

Шығысты аңсап зарыққан
Құтылғандай тамұқтан,
Қорлық көрген, қиналған,
Аш, жалаңаш, тым жүдеу,
Талай ұлттан жиналған,
Беттері шығыс — жол біреу.

Булығып түтін, күйеге
Шығысқа тартты тамұқтан,
Қайтты Европа үйіне,
Жер көрінбейд мамықтан.

Француз, поляк, ағылшын
Солдаттарын орыстың
Бауырым деп санайды,
Жүректен айтып алғысын,
Ұялғандай қарайды.
Айырық жолға кідіріп,
Жігітгер тыныс қылады.
Шашына қолы жүгіріп,
Қылмындап қыздар тұрады

Сөйлесе олар, күлсе де,
Солдатқа ажар кіреді:
Европада десе де,
Бәрі орысша біледі.
Құтқарушы тұр солдат,
Жұлдызды бөркі шекеде,
Дайынмын көмек беруге
Бірдеңем оған кете ме,
Біздің жұмыс осылай,
Тұрғаным жоқ кіналап,
Басқа елдердің адамын...
Ау, шеше, не іздедің?
—Үйге қайтам, қарағым.

Түрлі жұрттың ішінде,
Жат елдің алыс жолында.
Өзінің тілі естілді —
Кемпір тұр, тоны үстінде,
Таяғы бар қолында.

Түспесе де еңсесі,
Мосқал тартып қалыпты.

Орамалмен қабаттап
Басын орап алыпты.
Жолға керек нәрсесін
Арқасына таңыпты.

Жауынгермен көрісті,
Жөн сұрасты, білісті.
Жабайы шаруа анамыз,
Сүйетін еңбек, жұмысты.
Ежелден езгі күштерді
Туғызған ана — қадырлы.
Көрген ауыр істерді,
Бәлеге берік сабырлы.

Жер бетінде жүз рет
Болатын тағдыр ізімен
Ұйқы көрмей өсіред,
Айрылады ол бізден.

Кірпігін ілмей дедектеп,
Дамылсыз безек қағады.
Өз ұлындай өбектеп,
Немересін бағады.

Жүрсе де жат ел, батыста,
Ананың елі ойында.
Үйің қайда?

—Алыста,
Днепрдің бойында...
Қой, жігіттер, ұят тым,
Шет елден үйге шешесі
Жаяу барса солдаттың.
Таяқтың толсын есесі.

Жаяу жүре беруді
Таста, шеше, бұл ұят.
Ең алдымен жегулі
Шанасымен берем ат.

Қайтасын елге сыйыңмен,
Мынау сенің жаулығың,
Жетегіңе сыйыр мен
Байлаймын қойдың саулығын.

Шелек ал, шәугім, қасық ал,
Жүретін жолың ұзақ жол.
Мамық ал, көрпе-жастық ал,
Немістікі емес, біздікі ол...

Қой, қалқам, салма көп затты.
Жігіттер құлақ аспады,
Әкеліп үлкен сағатты,
Сүйретіп велосипедті,
Шанасына тастады.

Қайырлы болсын сапарың!
Деді.

Бір сөз айтқалы
Тұрып, күліп, шашалып,
Кемпір басын шайқады.

Балалар-ау, ұсталсам,
Жүрем ғой болып жазалы.
Қол қойылып мөр басқан
Аттың да жоқ қағазы.

Уайымдап оны қорықпа,
Тарта бер, шеше, тарта бер.
Бастық біреу жолықса
Бәрін түгел айта бер.
Заулатып жүре бергейсің,
Түскендей ылдый төбеден,
Ұстаса біреу дегейсің;
Берген Теркин Василий,—
Жан болмас жолың бөгеген.
Тірі болсақ соңынан
Днепрдің бойында
Пирог жерміз қолыңнан.
Оқ дарымай бойыңа,
Жолың түссін оңыңнан!—

Кемпір бара жатыр ғой,
Енді үйіне жақын ғой,
Қабыл болып тәубесі,
Орыс жері ілгері;
Жіңішке жолдың жиегі —
Ақ қайыңның сәулесі.

Елестейді сол сәуле,
Шет елде жүрген жігітке.
Шекарадағы жауынгер,
Кемпірді өткіз, кідірітпе!

МОНШАДА

Аяғында соғыстың,
Германия жерінде
Моншасы болды орыстың
Толатұғын көңілге.

Жат елде көрді көзіміз —
Ұқсап тұр біздің моншаға.
Татырлық, жетсе сөзіміз,
Мақтауына соншама.

Замок болсын, үй болсын,
Несі бар лайық келгесін.
Тек ішіне бу толсын,
Терезесі терлесін.

Ауыз үй толы бұрынғы
Графтан қалған орындық.
Отырып шекті шылымды,
Саспады солдат қорынып,

Дамбалын шешіп тастады,
Сыпырды үстен жейдесін.
Моншадан кеңес басталды —
Көр, жалаңаш бейнесін.

Төртбақ, жалпақ кеудесі,
Төсі батыр төсіндей.
Күн шалмаған денесін,
Жүргендіктен шешінбей.

Анадан тумай жалаңаш,
Тұрғанында киімсіз,
Қайтпаған уыты солдат жас,
Кім екенін білесіз.
Таңданар, көрген қызығар,

Шыдаған деп жан қалай.
Денесінде жұлдыз бар
Тасқа басқан таңбадай.

Өзі қызыл бұжырмақ,
Наград дерсін ойылған.
Төсінде емес, сыртында
Жауырынға қойылған.

Басынан төмен бір шолып,
Өтсең шомбал денесін,
Тыртық жара тұр толып,
Бәрін түгел көресін.

Таңбалары тәніне
Жазудай жазған ұзыннан:
Десна менен Ельна,
Өзінің туған елі де,
Басқа жұрттың жері де,—
Бәрі түгел сызылған.

Жүріп қанша шақырым,
Көрініп тұр, өткені,
Шешініп болып, ақырын
Ыстық буға беттеді.

Қайтер екен жүргенде,—
Қарайық тұрып сырттан біз.
Ептеп басты, иденде
Жатқандай-ақ жұқа мұз.

Қиналып басып аяғын,
Әлсін-әлсін тұрады.
Ох!— деп шытып қабағын.
Құмартып көзін жұмады.

Күлкі, шу, дауыс гуілдеп,
Төбеден тамшы тамады.
Судан бұрын буды іздеп,
Қолын созып қарады.
Бу төбеген соғады,
Шығып үлгір жоғары.

Соғыста, үйде болса да
Білеміз ғой бәріміз.

Рақаттанып моншада,
Қалатын жан мен тәніміз.

Есеп емес өзіңнің
Орыс болып туғаның
Рақаттанып моншада
Суымен кірді жуғаның.

Денсаулыққа көп зиян,
Не көктемде, не қыста,
Москваға жақын өзеннің
Біреуінің маңында
Моншаға түсу соғыста.

Псковтан не Електен,
Әйтеуір маған жерлессін,
Немістің суын шелектеп
Құйшы, денем терлесін.

Аяма суды, құрысын,
Литвадан келсе де
Сыпырғышын орыстың
Бере тұршы, бауырым,
Денемнің құрыс-тырысын
Жазайын, бөртсін сауырым.

Помпохозға¹ разымын —
Қоса тиеп жүгіне,
Әкелген совет қайыңын
Кенигсберг түбіне.
Волга, Дон, Ертіс, Кубаннан
Осы араға жиналған
Славянның тұқымы,
Моншада биік жерді ал да,
Бекініс жасап ал мықты.

Неткен рақат, достарым,
Ыстық жерге жайлаһсаң,
Шет елдің шаң, тозаңын
Сыпырғышпен айдасаң,

¹ Помпохоз — командирдің шаруашылық жөніндегі көмекшісі.

Айтарлық болды ыстық бу,
Су болған тақтай күйгендей.
Бауырым, ал да суық су,
Дәлдеп күй тасқа тигендей.

Бір бақыраш тағы күй,
Екеуін бірге көрейін,
Рақмет, енді демінді ал,
Мен шабына берейін.

Бізбенен сыннан өтпеген
Бұл ыстыққа шыдар ма,
Сым болмаса жіппенен
Сүйресен бұған шығар ма

Шалдың көбі жасынан
Моншаны тәуір көреді,
Солар түссе осыған
Бір минутте өледі.
Өлмесе құны болмайды,
Әке болып оңбайды,
Дәнсізден не өнеді.

Солдатпен бірге моншаға
Түсуге кім төзеді,
Шыдамас сайтан болса да,
Сайтан да күйіп өледі.

Салсаң да тандап суырып
Жігітің болар өлесі,
Солдаттың, ыстық қуырып,
Аязға піскен денесі.

Сайтан деген жоқ нәрсе,
Жігіт-ақ болсын денелі,
Ыстық буға бір кірсе,
Тілін тартпай өледі.
Соғыста жонып тақтаны,
Шеберлер монша жасады.
Қызара бөрткен арқаны
Сыпырғыш ыстық осады.

Әндетіп жатты шабынып,
Қыздыра түс!— деп ыңқылдап,

Су құя түс деп жалынып,
Құмары қанбай қыңқылдап.

Жауынгердің құмарын
Шығармасаң қандырып,—
Сұлатқандай немісті
Өлтірмей есін тандырып.

Немістің жанын суырып,
Теңізге тоғыт тезірек,
Құрғақта қалса қуырып,
Жан алқымнан езгілеп.

Алдында енді неміс жоқ,
Кеткен тозып, селдіреп,
Құрметіне жеңістің
Алыстағы Москвада
Атылады зеңбірек.

Көп зеңбірек қосылып,
Үн қатты жердің бетіне.
Көк болат селі жосылып,
Соғыстың жетті шетіне.

Бұл жорықтың соңы ма,
Әскер әнмен қозғалды?
Солдат кірлі қолымен
Сұрткенде бетін, із қалды.

Ысқырып біреу жіберсе,
Кім қалады аянып,
Соғыс деген не нәрсе,
Тұрғанда мейрам таянып.

Бір найзаға көмекке
Үш самолет келеді.
Дәріптеу деген керек пе,
Соғыс шіркін немені...

Адамдар да өзгерек
Болып кеткен сияқты,
Қаптаған танкі, зеңбірек—
Тастар жер жоқ таяқты.

Күшке күш өзін танытты,
Күштің де артық, кемі бар.
Бір оттан бір от қауіпті,
Темірден мықты темір бар.

Берлиннің сынып қанаты,
Діңкесі бітіп құрып тұр.
Москва ұлы сағаты
Үкімді оқып ұрып тұр...

Болғанынша әділ сот —
Солдат терлеп-тепшіді.
Сүйегі жібіп, таза боп,
Жаңарып қалды кескіні.
Сәкіден түсті, көңіл тоқ...

Бұл шабынып болса да —
Төмендегі жігіттер
Толтырған душ пен ваннаны.
Жалаңаштардың моншада
Бітпепті әзір арманы.

Жуынсын, құмар тарқасын,
Біреу жатыр ыссылап;
Біріншінің арқасын
Екінші нөмір ысқылап.

Механик шамның маңында
Өрмелеп жүр жоғары,
Біреу басын сабындап,
Сүйелін біреу жонады.

Жорықта тапқан олжасын —
Орамалын жууға,
Сабын тегін болғасын
Алмай езіп тұр суға.

Біздің жігіт дамылдап,
Біраз уақыт отырды,
Тұлабойын сабындап,
Ілегенін толтырды.
Оңын, солын, алды-артын
Басып кеткен қалындап
Тазартты кір мен қоқырды.

Қандырған соң құрышты,
Салқын сумен құйынды,
Бұзғандай осы шыршыты
Басқалар да киінді.

Соңынан бәрі ағылды,
Емес шені зорлықтан,
Ыстыққа төзіп шабынды,
Еріп шықты сондықтан.
Мықтылықты қашан да
Орыс жақсы көреді,
Сондықтан ол басқаның
Ұнатпайды сасқанын,
Төбелеске де, іске де
Батылырақ енеді.

Ескі салты қашанғы
Тастамайтын, қимайтын,
Ерлік еткен адамды
Ықласпен сыйлайтын

Қолға алып жаңа дамбалын,
Жатыр еді киініп,
Қоршап оның жан-жағын,
Достары да жыйылып.

Сосын киді шалбарды,
Кирзадан тіккен етікті,
Старшина бұларды,
Үр жаңа деп кетіпті.
Жейдесінің үстіне
Киді сыртқа көйлекті.
Қаптап тұрған төсінде
Орден, медаль жарқ етті,

Басқалар мұнан сұрады:
Жаным-ау, сауда дүкеннен,
Алдың ба сатып мынаны?—
Келбетті жігіт жайласып,
Темекісін бұрады:
Тақпай жүрмін түгел,— деп
Қайырды қалжың қалжыңға.
Алдың ба бәрін түгендеп,
Алмағаның қалды ма?—

Алмағанымды аламын,
Әдейі іздеп барамын,
Қалды ма екен немістің
Тірейтін жері табанын?—

Кеткен соң жігіт киініп
Шулаласып жатты еркіндей:
Ер екен!— десті сүйініп,
-Болсаң бол жігіт Теркіндей!

АВТОРДАН

Ай аспанда, түн жарық,
Іштік, болдық, тұралық...

Теркин-ау, соғыс бітіпті,
Хабарын анық естідік.
Сол минутте-ақ біз тіпті,
Қалғандаймыз ескіріп.

Тыныштық мені меңдетіп,
Қиынға соғып тұр маған,
Ақын едім әндетіп
Соғыста ғана жырлаған,
Қысылғандай жалт етіп,
Көнбей қалды тіл маған.
Оқасы жоқ, білемін
Бұл өлеңнің біткенін.
Жаңа өлең ғой тілегің,
Сабыр ет, келер күткенің.

Басқа сөз айтсам лайықты,
Оқушым, досым, шырағым,
Саған едім айыпты,
Тағы солай шығармын.

Көп жазуға уақыт аз
Токтатайын сонымен,
Күлдіруге мен біраз,
Өтірік те соғып ем.
Өтірік үшін өтірік
Айтуға тіпті шошыр ем.

Шыным сол — кейде ақырын,
Өкпелеп жүрдім өзіме.
Оралып соғам батырдың —
Теркиннің мынау сөзіне.

Бұдан да көп айтар ем,
Ішіме сақтап қаламын.
Бұдан да артық тартар ем,
Кеткені осы шаманың".

Тыныштық, бейбіт жылдары,
Мен жазған кейбір шығарма,
Бұл кітаптан қолдағы
Мүмкін тәуір шығар да,—

Бірақ маған бұл кітап,
Бәрінен артық хәм қымбат,
Үйде емес, дүлей далада,
Ұқсайды туған балаға.

Ауыр күндер басталып,
Күйзелгенде еліміз,
Шын дос бола бастадық,
Вася Теркин екеуміз.

Ұшырасып соғыста,
Көмегің маған көп тиді,
Белшеден баттым борышқа,
Ұмытам қайтіп бұл сыйды.

Сталинград, Москвадан
Бірге жүрсін менімен,
Қуаныш, қайғы, ой, арман,
Тынысым мен күшім сен.

Бұл кітапта бірнеше,
Шақырым мен күндердің,
Есебі түр өзгеше.
Астанаға — Батыстан,
Шекарадан өткенше,
Астанадан — алыстан,
Батысқа қайта жеткенше,
Шекарадан — батыстан,
Жаудың бізбен атысқан

Астанасын тепкенше,
Ұлы жорық біткенше
Екеуміз едік қатысқан.

Көктемнің талай селі есіп,
Бізді өсірген үйлердің
Шайып кетті күлдерін.
Тұңғыш рет тілдесіп,
Ақырғы рет бұл, десіп,
Мен ішпедім кімдермен,
Кімдермен бірге жүрмедім.

Атыста тұңғыш болғанның
Досжар болдым көбімен,
Көпсіз жүре алмадым,
Қажет те болдым көпке мен.

Шығармамды оқыған
Өліп кетті қанша адам.
Бейне менің кітабым,
Сансыз жылдар жасаған.

Кітапқа бұдан жоғары,
Кажетсіз атақ, болашақ,
Осылай деуге болады,
Ақлға салып қарасақ.

АқылДЫ сыншы не қажет,
Күлмей оқып шығатын,
Қадалатын қате іздеп,—
Таппаса қайғы қылатын.

Соғыста жұртқа көрінбей,—
Жаман лашық, төрінде,
Тоғыз жолдың торабын,
Жаяу шарлап ерінбей,—
Жүргенімде көңілде
Бұл емес еді мұратым.

Жамылып плащ жауында,
Қолғапты шешіп тіспенен,
Аяз бенен дауылда,
Жеңімде тіспен қайырып,
Сөздерді жүрген жайылып,
Дәптеріме тізген ем.

Күткенім нағыз ғажайып,
Бола қойсын дегенім;
Соғыстағы адамның
Михнаты азайып,
Бойын жылтсын өлеңім.

Сонау жыртық гармонның,
Қызығындай жолдағы,
Күтпеген жерден ерлердің,
Тіледім рақат көргенін,
Арманым осы ед сондағы

Сол гармонның өнері,
Екі-ақ биге жетерлік,
Екендігі есеп пе —
Көңілді әбден көтерді
Ескіріп қалған десек те.

Зеңбірек даусы тынған соң,
Сыра ішіп отырып,
Үш кружка көтеріп,
Азырақ бойы қызған соң,
Бір жеңі бос мүгедек,
Солдат еске бізді алсын.

Тап Теркиннің маңында
Асхананың жанында,
„Теркин тұр, деп жанымда“,
Жауынгерді ойын ғып,
Айналдырсын қалжыңға,

Теркинді қалай көргенін,
Айтсын өзі генерал,
Орденді оған бергеннің
Сөз қылатын орны бар.

Жазылған орыс тілінде,
Өлеңі өте ұғымды,
Деп айтса шіркін түбінде,
Оқыған адам жырымды.
Басқа атаққа бұл сөзін
Сатпас едім өмірде,
Емеспін асқақ мен өзім,
Риза болам көңілге.

Ауыр жылдың дастанын,
Ортасынан бастадым,
Жауынгер жайлы кітапты
Аяқтамай тастадым.

Озбырлық болар бұл тіпті,
Менің ой мен арманым,
Алайда сүйген еңбекті —
Майданда өлген жандардың
Ескеруге әруағын,
Бірге болған соғыста
Достарға бір тілекті,
Кіршіксіз таза жүректі
Пікірлерін бағалап.—
Соларға ғана арнадым.